

«№1 Жамбыл атындағы орта мектебі» МКМ

2020-2021 оқу жылы

2020 – 2021 оқу жылының басында мектепте оқушы саны 685 болған, ал, IV тоқсан соңында 686 оқушы, оның ішінде 358-і ұл, 328 қыз. Жыл бойы барлығы 17 оқушы кетіп, 18 оқушы келген. Қазіргі күні мектепте:

1-4 сыныптарда - 255 оқушы,

5-9 сыныптарда – 358 оқушы,

10-11 сыныптарда – 73 оқушы оқиды.

Мектептегі жалпы білім сапасы: жыл соңында мектептің жалпы білім сапасы 61% көрсетіп отыр. Бұл көрсеткіш I тоқсандағы білім сапасы 57,9% пайыздан 3,1-ға өсіп тұр.

Оқу жылының қорытындысы бойынша мектептегі озат-екпінді оқушылардың көрсеткіші:

| | I тоқсан | жылдық | айырмашылық |
|-------------------|------------|------------|-------------|
| Оқушы саны | 688 | 686 | -2 |
| Үздіктер | 133 | 142 | +9 |
| 1-4 | 68 | 69 | +1 |
| 5-9 | 62 | 70 | +8 |
| 10-11 | 3 | 3 | |
| Екпінділер | 227 | 236 | +9 |
| 1-4 | 61 | 59 | -2 |
| 5-9 | 137 | 141 | +4 |
| 10-11 | 29 | 36 | +7 |
| Барлығы | 360 | 378 | +18 |

Жыл соңында мектепте озат-екпінді оқушылардың жалпы саны 378. I тоқсанмен салыстырғанда озат-екпінді оқушылар саны 18 оқушыға өскен.

Пәндер бойынша білім сапасы

| пәндер | I тоқсан | жылдық | айырмашылық |
|------------------|----------|--------|-------------|
| қазақ тілі | 64,4 | 66,2 | +1,8 |
| қазақ әдебиеті | 68,7 | 68,6 | -0,1 |
| орыс тілі | 64,9 | 69,2 | +4,3 |
| орыс әдебиеті | 67,7 | 72,3 | +4,6 |
| ағылшын тілі | 61,4 | 65,1 | +3,7 |
| Қазақстан тарихы | 64,9 | 65,1 | +0,2 |
| дүниежүзі тарихы | 54,4 | 66,1 | +11,7 |
| математика | 58,8 | 63,1 | +4,3 |
| геометрия | 55,1 | 61,8 | +6,7 |

| | | | |
|-------------|------|------|-------|
| информатика | 58,5 | 77 | +18,5 |
| физика | 57,8 | 62,9 | +5,1 |
| биология | 59,7 | 66,1 | +6,,4 |
| география | 65,3 | 70,9 | +5,6 |
| химия | 57,9 | 67 | +9,1 |

Пәндер бойынша ең жоғары білім сапасы информатика пәнінен 77% , ал, ең төменгі геометрия пәнінен 61,8%.

Сыныптар бойынша білім сапасы:

| сынып жетек | сынып | оқушы саны | I тоқсан | жылдық | айырма шылығы |
|----------------|-------|------------|-------------|-------------|------------------|
| Дүйсенбекова К | 2А | 19 | | 72,2 | |
| Сатова М | 2Ә | 20 | | 80,0 | |
| Исаева О | 2Б | 11 | | 63,6 | |
| | | 50 | | 73,5 | |
| Мұхатова Ж | 3А | 20 | 60,0 | 60,0 | |
| Дүйсебаева Р | 3Ә | 20 | 60,0 | 60,0 | |
| Көпбосынова Ш | 3Б | 21 | 76,2 | 71,4 | -4,8 |
| Козлова О | 3В | 11 | 90,0 | 70,0 | -20 |
| | | 72 | 69,0 | 64,8 | -4,2 |
| Досбаева К | 4А | 21 | 66,7 | 61,9 | -4,8 |
| Сатиева Р | 4Ә | 20 | 57,1 | 60,0 | +2,9 |
| Өнербекова А | 4Б | 20 | 60,0 | 60,0 | |
| Ананина Л | 4В | 13 | 69,2 | 69,2 | |
| | | 74 | 62,7 | 62,2 | -0,5 |
| 1-4 | | 255 | 66,2 | 66,3 | +0,1 |

«1-4» сыныптар арасында білім сапасы бойынша ең жоғары сынып:

2 «ә» сыныбы /80% /, сынып жетекшісі Сатова М

«1-4» сыныптар арасында білім сапасы бойынша ең төмен сынып:

3 «а» сыныбы /60 % /, сынып жетекшісі Мұхатова Ж

3 «ә» сыныбы /60 % /, сынып жетекшісі Дүйсебаева Р

4 «ә» сыныбы /60 % /, сынып жетекшісі Сатиева Р

4 «б» сыныбы /60 % /, сынып жетекшісі Өнербекова А

| сынып жетек | сынып | оқушы саны | I тоқсан | жылдық | айырма шылығы |
|----------------|-------|------------|-------------|-------------|------------------|
| Алимжанова Б | 5А | 25 | 64,0 | 64,0 | |
| Қашқынбаева Н | 5Ә | 28 | 60,7 | 64,3 | +4,3 |
| Даукенова Ф | 5Б | 16 | 56,3 | 50,0 | -6,3 |
| | | 69 | 60,9 | 60,9 | |
| Байшымырова Т | 6А | 23 | 60,9 | 56,5 | -4,4 |
| Түстікбаева Г | 6Ә | 21 | 60,0 | 60,0 | |
| Смағұлова Қ | 6Б | 20 | 55,0 | 50,0 | -5 |
| Жылысбаева М | 6В | 12 | 58,3 | 58,3 | |
| | | 76 | 58,7 | 56,0 | -2,7 |
| Танкибаева Ж | 7А | 19 | 65,0 | 73,7 | +8,7 |
| Сайлауова А | 7Ә | 20 | 50,0 | 60,0 | +10 |
| Кажымуканова Г | 7Б | 20 | 50,0 | 55,0 | +5 |
| Топатаева О | 7В | 22 | 45,5 | 59,1 | +13,6 |
| | | 81 | 52,4 | 61,7 | +9,3 |
| Мусаева А | 8А | 19 | 65,0 | 68,4 | +3,4 |
| Момынқұлова Л | 8Ә | 23 | 52,2 | 47,8 | -4,4 |
| Войцеховская З | 8Б | 16 | 43,8 | 50,0 | +6,2 |
| | | 58 | 54,2 | 55,2 | +1 |
| Сауранбаева А | 9А | 19 | 57,9 | 68,4 | +10,5 |
| Нәдірбекова Э | 9Ә | 19 | 63,2 | 68,4 | +5,2 |
| Түменбаева С | 9Б | 20 | 47,4 | 55,0 | +7,6 |
| Топатаева Г | 9В | 16 | 40,0 | 53,3 | +13,3 |
| | | 74 | 52,8 | 61,6 | +8,8 |
| 5-9 | | 358 | 55,7 | 59,3 | +3,6 |

«5-9» сыныптар арасында білім сапасы ең жоғары сынып:

7а сыныптары /73,7 %/ сынып жетекші Танкибаева Ж

«5-9» сыныптар арасында білім сапасы ең төмен сынып:

8 «ә» сыныбы /47,8%/ сынып Момынқұлова Л

| сынып жетек | сынып | оқушы саны | I тоқсан | жылдық | айырма шылығы |
|-------------|-------|------------|----------|--------|------------------|
| Алимжанов Н | 10 А | 14 | 35,7 | 50,0 | +14,3 |

| | | | | | |
|---------------|------|-----|------|------|-------|
| Балқыбаева В | 10 Ә | 18 | 41,2 | 52,9 | +11,7 |
| Тоқсамбаева В | 10 Б | 8 | 37,5 | 50,0 | +12,5 |
| | | 40 | 38,5 | 51,3 | +12,8 |
| Найзабекова А | 11 А | 12 | 41,7 | 41,7 | |
| Чокенова С | 11 Ә | 13 | 58,3 | 69,2 | +10,9 |
| Фазылова Т | 11 Б | 8 | 71,4 | 71,4 | |
| | | 33 | 54,8 | 59,4 | +4,6 |
| 10-11 | | 73 | 45,7 | 54,9 | +9,2 |
| 1-11 | | 686 | 57,9 | 61,0 | +3,1 |

«10-11» сыныптар арасында білім сапасы ең жоғары сынып:

11б сыныбы /71,4 %/ сынып жетекшісі Фазылова Т

«10-11» сыныптар арасында білім сапасы ең төмен сынып:

11а сыныбы /41,7 %/ сынып жетекшісі Найзабекова А

Жалпы сыныптар бойынша ең жоғарғы білім сапасы 2 «ә» сыныбында 80% /сынып жетекшісі Сатова М/. 11а сыныбының білім сапасы төмен болғанымен, олар мектеп бітіруші түлектер болғандықтан, білім сапасы төмен келесі сынып 8 «ә» сыныбы 26,1% /сынып жетекшісі Момынқұлова Л/.

«1-4» сыныптар арасында 3а 3ә 4ә 4б сыныптарының білім сапасы жалпы мектептің білім сапасынан төмен.

«5-9» сыныптар арасында 5а 5ә 7а 8а 9а 9ә сыныптарының білім сапасы жалпы мектептің білім сапасынан жоғары.

«10-11» сыныптар арасында 11ә 11б сыныптарының ғана білім сапасы жалпы мектептің білім сапасынан жоғары.

2021 жылғы ҰБТ қорытындысы

2021-2022 оқу жылында мектеп бітірген түлектер саны-33. Жаңа ережелерге сай мамыр-маусым айларындағы ҰБТ-ге қатысуға 19 оқушы өтініш берді. 11а сыныбы – 5, 11ә сыныбы – 12 оқушы, 11б сыныбы 2 оқушы. Оның ішінде, 4 оқушы /Асқар Е, Рахат Б, Зейілғали Д, Қабыкенова Г/ шығармашылық бағытта тапсырды. 11ә сынып оқушысы Қабыкенова Гүлжан отбасы жағдайына байланысты 2-ші ҰБТ-леуді тапсыра алмады.

ҰБТ қорытындысы:

| | I | II |
|-----------------------------|------|-----|
| жалпы балл | 910 | 979 |
| орташа балл | 48 | 55 |
| шығармашылықсыз жалпы балл | 826 | 915 |
| шығармашылықсыз орташа балл | 55,1 | 61 |

Екі кезең бойынша орташа балл 58,1.

ҰБТ-дің салыстырмалы 3 жылдық қорытындысы:

| Жыл | мектеп | динамика |
|------------|---------------|-----------------|
| 2019 | 83,2 | +2,7 |
| 2020 | 63,2 | -20 |
| 2021 | 58,1 | -5,1 |

Өткен оқу жылымен салыстырғанда 5,1 баллға төмен.

ҰБТ тапсырушы түлектер қорытындысы баллдары бойынша көрсеткіші:

| балл | I /19 оқушы/ | | II /18 оқушы/ | |
|-------------|---------------------|----------|----------------------|----------|
| | саны | % | саны | % |
| 0-4 | 8 | 42 | 8 | 44,5 |
| 1-49 | 10 | 52,6 | 6 | 33,4 |
| 50-59 | 2 | 10,6 | 3 | 16,7 |
| 60-65 | 5 | 26,4 | 3 | 16,7 |
| 66-99 | 2 | 10,6 | 6 | 33,4 |
| 100-140 | - | - | - | - |

ҰБТ қорытындысы бойынша - ең жоғары балл 74 /11ә сын Қонысбай Н/, ең төмен балл 40 /11 ә сын Ғабитқызы А, Келісім Е/.

ҰБТ қорытындысы бойынша барлық пәннен «5» алған оқушы – жоқ.

ҰБТ қорытындысы бойынша «5-4» баға алған оқушы – жоқ.

Үздік аттестатқа үміткер Син Инесса өз білімін дәлелдемеді.

| № | кезең | оқу сау | Қазақ тарихы | мат сау | Дж тарихы | құқық | жалпы балл |
|----------|--------------|----------------|---------------------|----------------|------------------|--------------|-------------------|
| 1 | I | 16 | 4 | 8 | 9 | 14 | 51 |
| 2 | II | 18 | 3 | 7 | 9 | 17 | 54 |

Пәндер бойынша ҰБТ қорытындысы:

| | I | II |
|------------------|---------|---------|
| оқу сауаттылығы | 16,6 | 18,1 |
| матем сауаттылық | 5,6 | 7,6 |
| Қазақстан тарихы | 6,4 | 6,3 |
| қазақ тілі | 17 /3 | 18,4 /3 |
| қазақ әдебиеті | 14,7 /3 | 16,4 /3 |
| дж тарихы | 14 /4 | 12,5 /4 |
| құқық | 16 /2 | 18,5 /2 |
| ағылшын тілі | 24 /1 | 25 /1 |
| математика | 12 /5 | 12,4 /5 |
| химия | 10,7 /3 | 15 /3 |
| биология | 11 /3 | 16,7 /3 |
| география | 6 /1 | 12 /1 |
| физика | 10,8 /5 | 9,8 /4 |

Оқу-әдістемелік жұмыстарға талдау

Мектеп нормативті-ақпараттық құжаттар негізінде жұмыс атқарды: ҚР «Білім туралы» заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» № 374 бұйрығы, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы;

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымы Әдістемелік-нұсқау хатты, сонымен бірге «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алады.

2020-2021 оқу жылында 1-11-сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша, білім алды. Мектеп ұжымы үшінші жыл **«Жаңартылған білім беру жүйесіндегі бағалаудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану арқылы оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың білім сапасын арттыру»** өзекті мәселесі бойынша жұмыс жасады.

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымы Әдістемелік-нұсқау хатты, сонымен бірге «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алды.

Пән мұғалімдері бекітілген сабақ кестесі бойынша bilimland online тектер платформасын қолдану арқылы сабақтарын жүргізуде. Мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдердің жүргізген сабақтары қадағаланады. Кері байланыс беруде bilimland online тектер платформасынан басқа әлеуметтік желілер мен мессенджерлер және Күнделік кз пайдаланылды.

Мектеп ұжымы екінші жыл **«Жаңартылған білім беру жүйесіндегі бағалаудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану арқылы оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың білім сапасын арттыру»** өзекті мәселесі бойынша жұмыс жасады.

Кадрлық қамтылу және педагогикалық кадрлармен жұмыс жүйесі.

Мектеп педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Оқу жылындағы жалпы мұғалімдер саны- 101, 10 мұғалім бала күтіміндегі демалыста, 1 мұғалім денсаулығына байланысты ақысыз демалыста/С.Мамырбаева-қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі/. Сабақ беретін мұғалімдер саны-88. Кадр қажеттілігіне байланысты оқу жылының басынан Қарағаш орта мектебінен А.Жылқайдарова , М.Сеңгірбаев орта мектебінен А.Серікбай, А.Нургожаева ағылшын тілі пәнінен сабақ жүргізеді. Кадрге қажеттілік бойынша орыс тілді сыныптарға ағылшын тілі пәні мұғалімі мен математика пәні мұғаліміне сұраныс жасалды. Кадр жетіспеушілігіне байланысты зейнеткер мұғалім Б.Құлтаева келісім-шарт арқылы математика пәнінен сабақ жүргізеді. Мектеп кітапханашысы С.Онербекова арнайы педагогикалық мамандығының болуына байланысты, бастауыш сыныпта 3 сағаттық апталық жүктемемен сабақ жүргізеді.

Жаңа форматтағы санат бойынша:

Педагог-зерттеуші-13, педагог-сарапшы-17, педагог-модератор-15.

Жас мамандармен жұмыс

Жас мамандардың сапалық құрамы

| № | Аты-жөні, тегі | Туған жылы күні | Білімі | Бітірген оқу орны бітірген жылы | Мамандығы | ЖББ бойынша курстан өткен орны, уақыты | Жұмысқа тұрған уақыты | Тәлімгері |
|---|---------------------------|-----------------|--------------|--|--|--|-----------------------|-------------|
| 1 | Сержан Алтынай Сержанқызы | 01.05 1996 | жоғары | Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті 2018ж | Шет тілі: екі шет тілі | Өткен жоқ | 01.09 2019 | А.Мырқасым |
| 2 | Зауытбек Айдар Төлегенұлы | 08.04 1997 | жоғары | Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2019ж | Дене шынықтыру және спорт | Өткен жоқ | 01.09 2019 | М.Жангази |
| 3 | Адамов Санжар Садырұлы | 03.06. 1998 | Жоғары | Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті | Қазақ тілі мен әдебиеті | Өткен жоқ | 01.09 2020 | Г.Косенбаев |
| 4 | Бәрібай Ершат Маманұлы | 05.06. 1997 | Жоғары | Алматы университеті | Дене шынықтыру | Өткен жоқ | 01.09 2020 | Н.Алимжан |
| 5 | Марат Айдана Маратқызы | 04.07. 1997 | арнаулы орта | гуманитарлық коммерциялық колледжі | Ағылшын тілінен бастауыш білім беру мұғалімі | Өткен жоқ | 01.09 2020 | А.Азимбаев |

| | | | | | | | | |
|---|----------------------------|----------------|-----------------|---------------------------------------|---------------------------------|-----------|---------------|-------------|
| 6 | Дәулет Гүлім Дәулетқызы | 29.09. 2000 | арнаулы орта | гуманитарлық коммерциялық колледжі | Бастауыш білім беру мұғалімі | Өткен жоқ | 01.09 2020 | Р.Дуйсебаев |
|---|----------------------------|----------------|-----------------|---------------------------------------|---------------------------------|-----------|---------------|-------------|

«Жігер» жас мамандар мектебіндегі жас мамандар саны- 6. Биылғы оқу жылында жұмысқа қабылданған жас мамандар: Адамов Санжар- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Дәулет Гүлім- бастауыш сынып мұғалімі, Марат Айдана –бастауыш сыныптардағы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Қыркүйек айында жас мамандарға арналған тәлімгерлер апталығы ұйымдастырылып, күнделікті сабақ жоспарын дайындау, сынып журналын толтыруға байланысты әдістемелік көмек көрсетілді. Қазан айында «Егемен еліміздің шамшырағы-жас маман» атты қашықтықтан өткен аудандық жас мамандар байқауында ағылшын тілі пәні мұғалімі Сержан Алтынай «Үздік сабақ» кезеңі бойынша екінші орынды иеленді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Айдар Зауытбек «Педагогикалық дебют» байқауының аудандық кезеңіне қатысты.

Сәуір айында «Ұлы даланың ұшқыр жастары» атты мектепішілік жас педагогтар онлайн байқауы өткізілді. Байқауда қатысушылар жұмыс жүйесінің іс-әрекеті туралы бейнежазбаны ютуб каналына жүктеді, ZOOM арқылы үлгілі сабақ өткізді және «Әдістемелік қоржын» айдарымен таратуға лайықты идеяларға арналған жобаны қорғады, жағдаяттық сұрақтарға жауап берді. Нәтижесінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Адамов Санжар I-орынды иеленіп, байқаудың аудандық кезеңіне жолдама алды. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Марат Айдана, бастауыш сынып мұғалімі Дәулет Гүлім екінші орын, денешынықтыру пәнінің мұғалімі Заутбек Айдар үшінші орын, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Бәрібай Ершат қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды. Байқауға 5 жас педагог қатысты.Сержан Алтынай бала күтіміндегі демалыста болғандықтан, Әлибек Әлия денсаулық жағдайына байланысты байқауға қатыса алмады.

«Ұлы даланың ұшқыр жастары...» атты жас мамандар байқауының аудандық кезеңінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Адамов Санжар II-ші орынды иеленді.

2020-2021 оқу жылында 2019-2020 оқу жылымен салыстырғанда жас мамандармен тәлімгерлер арасында атқарылған жұмыста ілгерілеушілік байқалды. Дегенмен жас мамандардың іс-тәжірибе алмасуға байланысты жұмыстары әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау туралы

2019-2020 оқу жылының аяғында біліктілік санатын көтеруге өтініш берген мұғалімдер:

- А.Қасабеков- көркем еңбек, педагог-зерттеуші
- З.Войцеховская- орыс тілі мен әдебиеті, педагог-зерттеуші
- Г.Косенбаева- қазақ тілі мен әдебиеті, педагог-зерттеуші
- А.Манжигулова- қазақ тілі мен әдебиеті, педагог-сарапшы
- К.Қурагулова- ағылшын тілі, педагог-сарапшы
- В.Токсамбаева- орыс тілі мен әдебиеті, педагог-модератор
- О.Исаева- бастауыш сынып, педагог-модератор

Аталған мұғалімдерден А.Қасабеков біліктілік тестілеуден өтпеді, қалған 6 мұғалім өтініш берген біліктілік санаты бойынша тест сынағынан өтті. Шілде, тамыз айларында тестілеуден өткен Г.Косенбаева мен А.Манжигуловаға, тиісті біліктілік санаттары тағайындалды. Қыркүйек, қазан айларында тестілеуден өткен З.Войцеховская мен К.Қурагулова аттестаттаудың екінші кезеңіне құжаттарын жинақтап тапсырды. Қыркүйек қазан айларында педагог-модератор санатына біліктілік тестілеуден өткен О.Исаева мен В.Токсамбаева мектепішілік аттестаттау комиссиясы отырысы шешімімен №91-н бұйрық бойынша тиісті біліктілік санаттарына лайықты деп танылды.

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 152 бұйрығына қосымшаға сәйкес қараша айында өтетін аттестаттаудың бірінші кезеңі-ұлттық біліктілік тестілеуге өтініш беретін мұғалімдер мен қызметкерлер мәліметтері жинақталды.

| № | Өтініш берушінің аты-жөні | пәні | Аттестаттаудан өткен мерзімі | Өзінде бар санаты | Өтініш беретін санаты |
|---|---------------------------|------|------------------------------|-------------------|-----------------------|
|---|---------------------------|------|------------------------------|-------------------|-----------------------|

| | | | | | |
|----|------------------|---------------|------|---------|-----|
| 1 | Сейдахметова А.Т | информатика | 2016 | бірінші | п/з |
| 2 | Сауранбаева З.А | Қазақ т,әдеб | 2018 | жоғары | п/з |
| 3 | Аширова А.Ә | биология | 2016 | бірінші | п/з |
| 4 | Чокенова С.К | психолог | 2016 | бірінші | п/з |
| 5 | Кашкынбаева Н.Т | информатика | 2016 | екінші | п/с |
| 6 | Рахимбай Т.А | физика | 2016 | екінші | п/с |
| 7 | Ананина Л.А | бастауыш | 2017 | бірінші | п/с |
| 8 | Козлова О.В | бастауыш | 2016 | екінші | п/с |
| 9 | Байшымырова Т.Б | Орыс тілі,әд | 2019 | п/м | п/с |
| 10 | Можанова Ғ.Е | бастауыш | 2016 | екінші | п/с |
| 11 | Даукенова Ф.Қ | Қазақ тілі,әд | 2017 | екінші | п/с |
| 12 | Копеева А.К | биология | | | п/м |
| 13 | Сапаргазинов Ш.Н | Дене шынық | | | п/м |
| 14 | Курагулова А,К | Орыс тілі,әд | 2015 | екінші | п/с |
| 15 | Алимбаева А.К | математика | 2016 | екінші | п/с |
| 16 | Топатаева Г.К | физика | | | п/м |
| 17 | Сатаева А. | бастауыш | | | п/м |
| 18 | Аманбаева Б.Б | бастауыш | | | п/м |

20.12- 21.12 Талдықорған қаласындағы тест орталығына А. Сейдахметова, З. Сауранбаева, А. Аширова, С. Чокенова, Н. Кашкынбаева, Л. Ананина, О . Козлова, Т. Байшымырова, Ф. Даукенова, А. Сатаева, Б. Аманбаева біліктілік тестілеуге қатысып, нәтижесінде педагог-зерттеуші санатына жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі З.Сауранбаева, педагог-сарапшы санатына бірінші санатты бастауыш сынып мұғалімі Л.Ананина, екінші санатты бастауыш сынып мұғалімі О.Козлова, педагог-модератор санатына бастауыш сынып мұғалімдері А.Сатаева,

Б.Аманбаева өтті. Біліктілік мұғалімдер құжаттарын жинақтап, тиісті аттестаттау комиссияларына тапсырып, өтініш берген біліктілік санатына лайықты деп танылды. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20618 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығының 2-тарау, 2-параграфының 48 пункті бойынша «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі оқу орнын "үздік" бітірген адамдарға "педагог-модератор" біліктілік санаты ұлттық біліктілік тестілеуінен өтпей беріледі» деген тәртібі негізінде мектепшілік аттестаттау комиссиясының 2021 жылғы 25 наурыздағы шешіміне сәйкес 2020 жылы гуманитарлық-коммерциялық колледжін бастауыш сыныптағы ағылшын тілі пәні мұғалімі мамандығы бойынша «үздік» бітірген ағылшын тілі пәні мұғалімі Марат Айданаға кәсіптік қызмет нәтижелерін негізге ала отырып, "педагог-модератор" біліктілік санаты берілді. Мамыр айында біліктілік тестілеуге қатысқан мұғалімдерден бастауыш сынып мұғалімі Ғ.Можанова "педагог-модератор" санаты бойынша біліктілік тестілеуден өтіп, мектепшілік аттестаттау комиссиясының 2021 жылғы 31 мамырдағы шешімімен тиісті біліктілік санаты берілді. Маусым айында біліктілік тестілеу сынағына қатысқан «педагог-модератор санатындағы орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Т.Байшымырова оң нәтиже көрсетіп, аудандық аттестаттау комиссиясы шешімімен «педагог-сарапшы» біліктілік санаты тағайындалды.

Ағымдағы оқу жылында біліктілік тестілеуге өтініш берген 18 мұғалімнің 11-і біліктілік тестілеуден өтпеді. Біліктілік тестілеуден өтпеген мұғалімдерге пәндері мен педагогика, оқыту әдістемесі бойынша онлайн байқау сынақтарын тапсыру арқылы дайындық жұмыстарын жүргізу қажет.

Жаңа форматтағы біліктілік санатына өткен педагог-қызметкерлердің сандық мәліметі.

| Барлық мұғалімдер саны | Педагог зерттеуші | Педагог-сарапшы | Педагог-модератор | Барлығы | Пайыздық |
|------------------------|-------------------|-----------------|-------------------|---------|----------|
| 101 | 13 | 18 | 15 | 46 | 45,5 |

Педагогикалық қызметкерлердің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі.

ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазан айында Қазақстан тарихы және құқық пәндері бойынша Нұрқат А.Н біліктілікті жетілдіру курсынан өтіп сертификатталды.

Қараша айында ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде Қазақстан тарихы және құқық пәндері бойынша Б.Абденбаев, Б.Алимжанова, Дүние жүзі тарихы және құқық пәндері бойынша А.Нұрқат, А.Кибираева біліктілікті арттыру курсынан өтіп сертификатталды.

Желтоқсан айында «Адам және қоғам» ҚБ ұйымдастырған «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудың оқу процесін ұйымдастыру және жоспарлау» тақырыбындағы курстан Т.Байшымырова, Б.Алимжанова өтіп сертификатталды.

20.01-06.02 аралығында республикалық «Даму» педагогикалық-психологиялық дамыту орталығы ұйымдастырған «Инклюзивті білім беру мен ерекше қадағалауды қажет ететін балаларды тәрбиелеу, оқыту, жеке қабілеттерін дамыту әдістері» тақырыбындағы курстан 8 мұғалім, «Бастауыш сынып пен МАД тобында инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану» атты тақырыпта курстан 9 мұғалім өтіп, сертификатталды.

Ақпан айында «НЗМ» ДББҰ ПШО ұйымдастырған мектеп басшыларына арналған «Білім берудегі менеДЖКент» курсынан оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары А.Бөртебаева өтіп, сертификатталды. 01.03-12.03 аралығында бастауыш сынып мұғалімі О.Исаева «Өрлеу» БАҰО ұйымдастырған «Формирование профессиональной компетентности учителя» тақырыбындағы курстан өтті. Наурыз айында «НЗМ» ДББҰ ПШО ұйымдастырған «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» курсынан бастауыш сынып мұғалімі Ш.Копбосынова өтіп сертификатталды. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі З.Войцеховская 09-19.03 аралығында «НЗМ» ДББҰ ПШО ұйымдастырған «Разработка и экспертиза заданий для оценивания по русскому языку» тақырыбындағы курстан өтіп, сертификатталды.

29.03-09.04 аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Косенбаева ҚР білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» БАҰО» АҚ ұйымдастырған «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктіліктерін арттыру» тақырыбындағы курстан өтіп, сертификатталды. 12.04-23.04 аралығында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А.Азимбаева ҚР білім және ғылым министрлігі АҚ ұйымдастырған «Ағылшын тілі» пәні бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» тақырыбындағы курстан өтті.

26.04-07.05 аралығында АӘД пәнінің мұғалімі Д.Сапаралиев ҚР білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» БАҰО» АҚ ұйымдастырған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушы-ұйымдастырушыларының кәсіби біліктілігін арттыру» тақырыбындағы курстан өтті.

Маусым айында «Өрлеу» БАҰО» АҚ ұйымдастырған «Развитие профессиональных компетенций учителя русского языка и литературы» атты курстан орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Жатебаева, «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті»

пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктіліктерін арттыру» курсынан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі З.Сауранбаева, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті ұйымдастырған «Қашықтықтан оқыту жағдайында сандық карталар мен электронды білім беру ресурстарын пайдалану кезінде оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту әдістері» атты ақылы курстан география пәні мұғалімі Г.Кажымуханова өтті.

Алматы облыстық білім басқармасы тарапынан ұйымдастырылған «Акселератор успешных школ» жоба- курсының теориялық бөлімі 02.11-29.12 аралығында, ал практикалық бөлімі 10.01-10.05 аралығында өтті. Курстан мектептен жасақталған команда қатысты: Б.Қамзина, З.Войцеховская, А.Нұрқат, А.Копеева, А.Мырқасымова, Т.Байшымырова. Курстан өткен команда мүшелері сертификат алды.

2020-2021 оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өткен мұғалімдер саны-40.

| Басшылық курсы | Тәжірибедегі зерттеу | Жаңартылған білім мазмұны | Қысқа мерзімді курстар | «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» | «Акселератор успешных школ» жоба-курсы | Барлығы |
|----------------|----------------------|---------------------------|------------------------|--|--|---------|
| 1 | 1 | 5 | 25 | 2 | 6 | 40 |

Пәндік курстардан өтуге байланысты мұғалімдер тізімі жинақталып, сұраныс берілді.

Әдістемелік жұмыс жағдайын бақылау.

Мектептің әдістемелік жұмысы, мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінде шоғырланған және мектептің әдістемелік кеңесі арқылы басқарылады. Мектептің әдістемелік жұмысы әдістемелік пән бірлестіктерінде шоғырланған және мектептің әдістемелік кеңесі арқылы басқарылады. Әдістемелік бірлестіктің отырыстары өз уақытында өтіп тұрады, бірақ отырыстар тек дәстүрлі форматта ғана өткізіледі, түрлендірілмейді.

Әдістемелік пән бірлестіктерінде жоспар бойынша жұмыстар жүйелі атқарылмайды. Семинарлар, вебинарлар өткізілмейді. Пән бірлестіктерінің тоқсандық есебін бірлестік жетекшілері ғана уақытында өткізбейді. Пән бірлестіктерінің есепті уақытында өткізе алмау себептерінің бастысы- бірлестік мүшелерінің жеке есептерін жазып өткізбеуінен. Әрбір пән мұғалімі өзінің кәсіби құзыреттілігін дамытуда өздігінен білімін жетілдіруде жауапкершілігін күшейтуі қажет.

Пән онкүндіктері

Мұғалімдер белсенділігі мен пән бірлестік жетекшісінің ұйымдастырушылық қабілетін анықтау мақсатында пән онкүндіктеріндегі іс-шараның сапалы өтуіне қадағалау жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларды танымдық-шығармашылық ойлау әрекетін қалыптастыру жолындағы оқу-тәрбие үдерісін сапалы ұйымдастыру

2020жылдың 25-30 қараша аралығында «Математика – ой қызметі үшін бесаспап құрал» тақырыбымен ұйымдастырылған математика апталығының жоспары

| № | Атқарылатын жұмыстардың тақырыптары | Пәні | Сыныбы | Мерзімі, өтетін орны | Жауаптылар |
|---|-------------------------------------|------|--------|----------------------|-------------------------------|
| 1 | Апталықты жоспарлау | | 5-11 | 23.11.20 ZOOM | ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері |

Ашық сабақтар

| | | | | | |
|---|--|-----------|------|---------------|--------------|
| 1 | Взаимное расположение прямых и плоскостей в пространстве | Геометрия | 11 б | 26.11.20 ZOOM | Фазылова Т.М |
|---|--|-----------|------|---------------|--------------|

| | | | | | |
|---|---|-------------|-----|---------------------|---------------|
| 2 | Растрлық суреттерді өңдеу | Информатика | 5 ә | 26.11.20 ZOOM | Қашқынбаева Н |
| 3 | Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру. Шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру | Математика | 6 б | 30.11.20 ZOOM | Алимбаева А |
| 4 | Аралас сандарды қосу және азайту | Математика | 5 а | 30.11.20 ZOOM | Топатаева О |
| 5 | Күш. Инерция құбылысы | Физика | 7 | 3.12.20 Google Meet | Топатаева Г |
| 6 | Жылу қозғалтқыш мәшинелер | Физика | 8 | 3.12.20 ZOOM | Рахимбай Т |

Сыныптан тыс шаралар

| | | | | | |
|---|--------------------------------|----------------------|---|---------------|---------------|
| 1 | «Алтын қақпа» | Интеллектуалдық ойын | 5 | 27.11.20 ZOOM | Қашқынбаева Н |
| 2 | «Әзіл есептер, жұмбақ есептер» | ИФМ ойындары | 8 | 27.11.20 ZOOM | Батыршаева Д |

2020 жылдың қараша айының 20.11- 02.12 аралығында шет тілдер пән бірлестігінде "Үштілділік-жарқын болашақ" тақырыбында өткізілетін онкүндіктегі іс-шаралар жоспары.

| № | Атқарылатын жұмыстардың тақырыптары | Пәні | Сыныбы | Мерзімі, өтетін орны | Жауаптылар |
|---|-------------------------------------|------|--------|----------------------|-------------------------------|
| 1 | Апталықты жоспарлау | | 3-11 | 19.11.20 ZOOM | ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері |

Ашық сабақтар

| | | | | | |
|---|--|------------------------|-----|----------------|----------------|
| 1 | «Second conditional» | Ағылшын тілі | 9ә | 24.11 ZOOM | Сержан А |
| 2 | Days of the week | Ағылшын тілі | 3ә | 25.11 ZOOM | Марат А |
| 3 | О.Сүлейменов «Одна война закончилась другой» | Орыс тілі мен әдебиеті | 11а | 26.11 Whatsapp | Жатебаева А |
| 4 | Друзья познаются в беде | Орыс тілі мен әдебиеті | 5ә | 27.11 ZOOM | Байшымырова Т |
| 5 | Treasure and numbers | Ағылшын тілі | 4ә | 27.11 ZOOM | Курагулова К |
| 6 | Друзья познаются в беде | Орыс тілі мен әдебиеті | 5а | 30.11 ZOOM | Момынқулова Л |
| 7 | Природа звука | Орыс тілі | 10б | 30.11 ZOOM | Токсамбаева В |
| 8 | Борьба за счастье Ромео и Джульетты | Орыс әдебиеті | 8б | 30.11 ZOOM | Войцеховская З |

| | | | | | |
|---|----------------------|-----------|----|------------|--------------|
| 9 | Все профессии хороши | Орыс тілі | 46 | 30.11 ZOOM | Қурагулова А |
|---|----------------------|-----------|----|------------|--------------|

Сыныптан тыс шаралар

| | | | | | |
|---|----------------|-----------------|---------|-------|-------------|
| 1 | Жаңылтпаш айту | жарыс -челлендж | 9 с/р | 21.11 | Сержан А |
| 2 | Мәнерлеп оқу | жарыс -челлендж | 5-7 с/р | 30.11 | Азимбаева А |

2020 жылдың қараша айының 03.12- 14.12 аралығында тарих, қоғамтану бірлестігінде «Тарих - өткенге сабақ, келешекке-өнеге» тақырыбында өткізілетін онкүндіктегі іс-шаралар жоспары

| № | Атқарылатын жұмыстардың тақырыптары | Пәні | Сыныбы | Мерзімі, өтетін орны | Жауаптылар |
|---|-------------------------------------|------|--------|----------------------|-------------------------------|
| 1 | Апталықтың ашылуы | | 5-11 | 30.11. ZOOM | ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері |

Ашық сабақтар

| | | | | | |
|---|---|------------------|----|----------------|--------------|
| 1 | Жалайырлар, наймандар, керейттер | Қазақстан тарихы | 6ә | 07.12 Whatsapp | Октябров У |
| 2 | 1927-1939 жылдарда кеңестік қоғам қаншалықты өзгерді | Қазақстан тарихы | 9ә | 08.12 ZOOM | Абденбаев Б |
| 3 | Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс | Қазақстан тарихы | 7б | 09.12 ZOOM | Алимжанова Б |
| 4 | Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы | Қазақстан тарихы | 6а | 10.12 ZOOM | Алин А |
| 5 | Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс | Қазақстан тарихы | 7ә | 14.12 ZOOM | Кибираева А |

Сыныптан тыс шаралар

| | | | | | |
|---|---|--------------|------|---------------|---------------------------|
| 1 | «Если бы я стал президентом» | конкурс-эссе | 8-9 | 3.12 Whatsapp | Абденбаев Б |
| 2 | «Тәуелсіздік аңсаған арман - қолжеткен мұрат» | эссе жарысы | 9-11 | 7.12 ZOOM | Алин А |
| 3 | «Білім көкпары» | сайыс сабақ | 5с/р | 8.12 ZOOM | Алимжанова Б |
| 4 | «Тәуелсіз Қазақстанның дара жолдары» | конференция | 7с/р | 9.12 ZOOM | Кибираева А Октябров У |

03.02-13.02 аралығында «Бәрінің бастауы махаббат атты тақырыпта» өзін-өзі тану пәні онкүндігі жоғары деңгейде өтті. Онкүндік бойынша атқарылған жұмыстар жинақталып, иллюстративті журнал құрастырылды.

16.02-26.02 аралығында жаратылыстану ӘБ онкүндігі «Жаратылыстану әлеміне саяхат» тақырыбында өтті. Онкүндік барысында ашық сабақтар және іс-шаралар өз деңгейінде жүргізілді. Ашылу салтанаты онлайн бейнежазба арқылы өткізілді.

04.03-15.03 аралығында «Өнер» ӘБ «Нұр жауған әз Наурыз» тақырыбында онкүндік ұйымдастырып, бейнесабақтар байқауы, сурет көрмесі және қайырымдылық іс-шара өткізді.

Сәуір айының 6 мен 16 аралығында мектептің оқу-өндірістік жоспарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ “Мәңгілік ел-мәртебелі тіл” атты тақырыпта онкүндік өтті. Онкүндік аясында ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар жүргізілді. Барлық ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар ZOOM формасында өткізілді.

19.04-30.04 аралығында дене шынықтыру ӘБ «Менің денсаулығым-менің болашағым» тақырыбында онкүндік өткізілді. Онкүндік мақсаты: Спорттың әр түріне қызығушылықты ояту арқылы оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту. Білімді, өнерлі, намысшыл, парасатты еңбекқор ұрпақ қалыптастыру.

Онкүндік барысында денешынықтыру пәні мұғалімдері 10-15 минуттық бейнесабақтар түсіріп, ютуб каналына жүктеу арқылы іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Қорытынды:

1. Онкүндікте жоспарланған іс-шаралар жақсы деңгейде өтті.
2. Мұғалімдер ашық сабақтарда оқытудың белсенді әдістерін тиімді қолданды.
3. Бірақ өткізілген ашық сабақтар мен іс-шараларда оқушылардың қатысу пайызы төмен болды.
4. Іс-тәжірибе алмасу деңгейі төмен болды, яғни өткізілген ашық сабақтарға қатысқан мұғалімдер саны аз болды.

Семинарларға қатысу

| Республикалық | облыстық | аудандық | мектепішілік |
|---------------|----------|----------|--------------|
| 1 | 2 | | 25 |

Республикалық семинарлар

Токсамбаева В.К 2-сағаттық көлемде « Развитие эмоционально-образного мышления на уроках чтения, литературы и русского языка » тақырып бойынша педагогикалық қызметкерлерге арналған республикалық оқыту семинарына қатысып сертификат алды.

Облыстық семинарлар

Облыс көлемінде «Қашықтықтан оқыту кезіндегі интербелсенді тапсырмаларды дайындау» тақырыбында Байшымырова Т.Б. семинарға қатысты. ZOOM платформасымен өтті.

31.03.2021 жылы облыстық каникулдық мектеп «Тарих пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың әдіс-тәсілдері» тақырыбында онлайн вебинарға Кибираева А қатысты.

| Республикалық | облыстық | аудандық | мектепішілік |
|---------------|----------------------|----------|--------------|
| 1 | 28 /тәжірибе алмасу/ | 32 | 46 |
| Республикалық | облыстық | аудандық | мектепішілік |

| | | | |
|---|----------------------|----|----|
| 1 | 28 /тәжірибе алмасу/ | 32 | 46 |
|---|----------------------|----|----|

Облыстық вебинар тақырыбы: «Қазақстан тарихы пәні педагогтеріне жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру» 7-8 сыныптар бойынша Кибираева А.А , 9-10 сыныптар бойынша Алимжанова қатысып, мағлұматтар алды.

16.04 күні «Математика пәні бойынша қорытынды аттестаттау тапсырмаларын құрастыру ерекшеліктері» , «Функцияның кесіндідегі ең үлкен және ең кіші мәндері» облыстық вебинарға қатысты Батыршаева Д

Аудандық семинарлар

«Қашықтықтан оқыту жағдайында дене шынықтыру пәнін оқытуды ұйымдастырудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы аудандық вебинарда дене шынықтыру пәні мұғалімі Б.Тұрдалы практикалық жұмыс көрсетті.

Аудандық қазақ тілі мен әдебиеті пәндері арасында өткен вебинарда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Мусаева «Қашықтықтан оқыту жағдайында сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру» тақырыбында таныстырылым жасап, іс-тәжірибесімен бөлісті.

29-қаңтарда өткен «Қашықтықтан оқыту жағдайындағы тиімді платформалар» атты облыстық вебинарға қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Ф.Даукенова қатысты.

Мектепшілік семинарлар

2020 жылы 06 қазан күні Балқаш ауданы N1Жамбыл атындағы орта мектебінде директордың оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары А.Бөртебаеваның ұйымдастыруымен "Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылармен тиімді кері байланысты ұйымдастыру жолдары" тақырыбында вебинар өткізілді.

Вебинардың мақсаты: Қашықтықтан оқыту жағдайында сабақтар кері байланыс ұйымдастырудың маңызды мәселелері бойынша мұғалімдермен іс-тәжірибе алмасу, тиімді диалог алаңын құрып, әдістемелік қолдау көрсету және кеңес беру, кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. Вебинарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі З.Сауранбаева "Қашықтықтан оқыту жағдайында тиімді кері байланыс беру жолдары" тақырыбында таныстырылым жасады. Педагог-зерттеуші санатындағы орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі З.Войцеховская "Обратная связь при реализации четырех речевых навыков обучения русскому языку", математика пәні мұғалімдері Д.Батыршаева, Т.Фазылова, А.Алимбаева "Қашықтықтан оқыту жағдайында математика сабағында тиімді кері байланыс беру" тақырыптарында шебер- сынып өткізді. Вебинар жұмысына аудан мектептерінен 45 педагог қатысты. Вебинар соңында қатысушылармен кері байланыс ұйымдастырылып, рефлексия жасалды. Вебинар жұмысына оң баға берілді.

2021 жылы 28 қаңтар күні «Оқушылардың оқу жетістігін бағалаудың тиімді жолдары» тақырыбында мектепшілік семинар өткізілді. Семинар жұмысына қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пәндерінің мұғалімдері, барлығы 15 педагог қатысты. Семинардың бағдарламасына сәйкес оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары А.Бөртебаева критериалды бағалаудың ерекшеліктері бойынша таныстырылым жасады. Семинарға қатысушыларға критериалды бағалауды жоспарлап, өткізуде басшылыққа алынатын нормативтік-әдістемелік құжаттар тізімі ұсынылды. Қалыптастырушы және жиынтық бағалауды ұйымдастыруға, оқушы портфолиосын жинақтау және электронды журналға балл мен баға қою үдерісіне бағытталған әдістемелік кеңестер ұсынылды. Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу (спецификация, баға қою механизмі), нәтижелерді талдау мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі З.Сауранбаева «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында формативті бағалаудың тиімді әдістері» тақырыбында шебер сынып жұмысын, тарих пәні мұғалімі А.Кибираева бөлім бойынша жиынтық бағалауды өткізуге бағытталған тренинг өткізді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Г.Косенбаева «Бұлақ көрсең, көзін аш», тарих пәні мұғалімі Б.Абденбаев «Қазақстандағы ұйымдастыру» тақырыбындағы сабақтарда қалыптастырушы бағалауды қалай пайдаланғанын ықшам сабақ барысында көрсетті. Семинар соңында «Кері байланыс» парақтары, барлық қатысушыларға жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар, жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма жинағы, критериалды бағалау бойынша нұсқаулық электронды нұсқалар түрінде таратылды.

2021 жылы 26 ақпан күні «Сабақтызерттеу – бірлескен оқу тәсілі» тақырыбында мектепшілік семинар өткізілді. Семинар жұмысына сабақты зерттеу тобының мүшелері қатысты. Семинардың мақсаты: оқытуды жақсартудың үдерісі ретінде сабақты зерттеу тәсілдерінің негізгі идеяларын аша түсу, оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру, оқушылардың оқу үлгерімін арттыру. Семинар барысында география, биология пәндері мұғалімі Г.Қажымұханова «Сабақты зерттеу-мұғалімнің тәжірибесін жетілдіру» тақырыбында таныстырылым жасады. Математика пәні мұғалімі Т.Фазылова ««Сабақты зерттеу – оқу мен оқыту сапасын жақсартудың тиімді тәсілі» тақырыбында коучинг өткізді, математика пәні мұғалімі А.Алимбаева «Lesson-study сабақты зерттеу –біздің тәжірибемізде» тақырыбында шебер сынып көрсетті.

Семинар соңында кері байланыс ұйымдастырылып, сабақты зерттеу жұмыстарын жалғастыру туралы шешім қабылданды.

Конференциялар

12 қараша күні өткен «Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырудағы тиімді тәжірибелер» тақырыбында облыстық конференцияға Батыршаева Д қатысты. Тарих пәнінің мұғалімі А.Алин Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» БАҰО» АҚ ұйымдастырған «Ақпараттық ортаның жаңару жағдайында білім беру мекемелерінде тәрбие жұмысын дамыту жолдары» тақырыбындағы облыстық ғылыми-әдістемелік конференцияға қатысып, Құрмет Грамотасымен марапатталды. «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ» атты республикалық ғылыми-практикалық онлайн- конференцияға А.Бөртебаева қатысып, сертификат алды және жұмысы конференцияның материалдар жинағында жарияланды.

Математика пәнінің мұғалімі Алимбаева Ә- «Әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігі бәсекеге қабілетті ұстаз қолында» атты Жас ғалымдар арасында Республикалық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, белсенділік танытқаны үшін сертификатпен марапатталды. Информатика пәнінің мұғалімі А.Мамышова Қашықтықтан білім берудің өзекті мәселелері» тақырыбында Халықаралық ғылыми – практикалық онлайн конференцияға қатысып сертификат(5.12.2020), «Өрлеу біліктілік орталығы» «Қашықтықтан оқыту сабақты әзірлеуден бастап білім беру процесін ұйымдастыруға дейін» тақырыбында конференцияға қатысып сертификат алды. **16 мамыр "Современный педагог в цифровом пространстве проблемы и решения".** Грамота за *Участие в республиканской научно-практической конференции «Аль-Фараби – мировая личность».*

Статья включена в сборник научно-практической конференции «Аль-Фараби – мировая личность».

Байқауларға, олимпиадаларға қатысу

Қазан айында ҚР Тұңғыш Президенті қоры сыйлығының иегері Qaztest.kz сайтында педагогтардың біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған III Республикалық «Үздік педагог» олимпиадасының екі кезеңіне 42 мұғалім қатысып, қорытынды кезеңінде ең жоғары көрсеткішке жеткен 5 мұғалім Құрмет Грамотасымен, 4 мұғалім 1-ші, 22 мұғалім 2-ші, 7 мұғалім 3 орындарға ие болып, дипломдармен марапатталды. «Егемен еліміздің шамшырағы-жас маман» атты қашықтықтан өткен аудандық жас мамандар байқауында ағылшын тілі пәні мұғалімі Сержан Алтынай «Үздік сабақ» кезеңі бойынша екінші орынды иеленді. Математика пәнінің мұғалімі Батыршаева Д «КИО» интернет олимпиадасына қатысып, аудан бойынша 2 орын, облыс бойынша 3 орынға ие болды. Алимбаева А, Фазылова Т.М.сертификат алды. Информатика пәнінің мұғалімі мамышова А- «КИО» интернет олимпиадасына қатысып аудан бойынша 2 орын алды. Математика пәнінен «Педстарт» республикалық қашықтық олимпиадасына қатысып Фазылова Т- I дәрежелі диплом, Батыршаева Д – II дәрежелі дипломмен марапатталды. Информатика пәнінің мұғалімі Мамышова А- «Үздік директор – біздің көшбасшы» номинациясы бойынша «Мың бала» интбілім сайтына қатысып I дәрежелі Дипломмен марапатталды. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері В. Токсамбаева мен Т. Байшымырова «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы ұйымдастырған орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімдеріне арналған «Славим живое русское слова» олимпиадасына қатысып сертификаттар алды. Ағылшын тілі пәні мұғалімі А.Азимбаева Daryn.online білім беру платформасы мен Qaztest.kz.ұйымдастырған Республикалық пәндік олимпиадасының III дәрежелі Диплом иегері атанды. Алимбаева А- «Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған Республикалық математика пәнінен ұстаздар арасында онлайн олимпиадасына Сертификат, «Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған Республикалық онлайн олимпиадасында оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау және алған білімін қолдану дағдыларын дамытуда белсенділік танытқаны үшін жетекшісі Алғыс хат, «Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік сайтында ашық сабақ жариялағаны үшін сертификат

Диплом за олимпиаду на Республиканском уровне" Мудрый учитель"-3 степени

Диплом за олимпиаду на Международном уровне" Мудрый учитель"-3 степени

Олимпиада для учителей Казахстана "Исследование урока в действии" с получением диплома на казахском и русском языках. Олимпиада для учителей Казахстана по технологии Lesson Study

Диплом 1 степени за участие "Үздік педагог" г. Нұрсултан

Диплом 1 степени и сертификат и медаль/ золото/ за участие в Международной предметной олимпиаде "Үздік педагог -маман мақтанышы"

«Педстарт» қашықтық олимпиадасынан тарих пәні мұғалімдері Кибираева А I дәрежелі дипломмен, Нұрқат А II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұғалімдерге арналған КИО Республикалық қашықтық олимпиадасына қатысқан орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері В.Токсамбаева аудан бойынша I орын, Л.Момынқұлова аудан бойынша III орын иеленсе, ағылшын тілі пәні мұғалімі, жас маман А.Марат республикалық деңгейде II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қазақ тілі пәні бойынша мұғалімдерге арналған КИО Республикалық қашықтық олимпиадасына қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Г.Көсенбаева қатысып, аудан бойынша I орын иеленсе, С. Адамов II орын, А.Мұсаева III орын, Ф.Даукенова сертификатпен марапатталды.

Наурыз айында «Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған Қазақ әдебиеті пәнінен ұстаздар арасында өткен блиц-турнирге қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі З.Сауранбаева қатысып, I дәрежелі Дипломмен марапатталды. 9-наурызда аудандық қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінің арасында өткен «Үздік эссе -2021» байқауына қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Ф.Даукенова қатысып, II орынды иеленді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасымен әзірленген Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасына сәйкес 14-23 наурыз аралығындағы онкүндік аясында мұғалімдер арасында өткен «Жүзден жүйрік» зияткерлік ойынына қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі З.Сауранбаева қатысып, III орынды иеленді. 2021 жылы сәуір айында аудандық «Үздік педагог» байқауына Абденбаев Болат қатысып 3-орын иегері болды.

Кәсіби байқаулардың аудандық кезеңінің жеңімпаздары:

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Байқау аты | орны |
|---|---------------------|-----------------------------------|--------|
| 1 | Смагулова Қ.Ж | «Жыл мұғалімі-2021» | 1-орын |
| 2 | Абденбаев Б.Ш | «Үздік педагог» | 3-орын |
| 3 | Адамов С | «Ұлы даланың ұшқыр жастары» | 2-орын |
| 4 | Танкибаева Ж.Е | «Үздік сынып жетекші» | 3-орын |
| 5 | Козлова О.В | «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» | 3-орын |
| 6 | Надирбекова Э | «Үздік география пәні мұғалімі» | 2-орын |
| 7 | Кашкынбаева Н | «Үздік информатика пәні мұғалімі» | 3-орын |

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаңа COVID-19 коронавирусын пандемия деп жариялауына байланысты Қазақстан Республикасы халқының қауыпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдай жариялануына орай, мектепішілік іс-шаралар жоспары қашықтықтан ұйымдастырылуда. Төтенше жағдайға байланысты қашықтықтан Ұстаздар мерекесіне орай, мектепішілік іс-шаралар Онлайн жүйеде атқарылуы жайлы мектеп әкімшілігі мүшесі арасынан отырыс өтті. Бұл отырыстың шешімі бойынша іс-шара жоспары құрылып, мектеп директоры тарапынан бекітілді.

1) Айтулы іс-шараның ашылуы: 11 «а» Найзабекова А.С, 11 «ә» Чокенова С.К, 11 «б» Фазылова Т.М. «Жас мамандар» Ізгі тілек, құттықтау сөздер WhatsApp желісі арқылы сапалы видео жіберу. Мереке қарсаңына жоспарға сай осы аталған сыныптардан белсенді оқушылар сақтық шараларын сақтай отырып, мектеп кемесі алдында ұстаздарға құттықтау сөздері жолданды. 11-сынып оқушылары арасынан ерекше көзге көрінетін жұмыс ол 11 «б» оқушысы мектеп президенті Син Инессаның бастамасымен сүйікті ұстаздарына арнаған, ыстық ықыласы мен қошемет, құрмет, ізеттілігі жазылған әдемі конверттері болатын. Бұл конверттер жинақталып, Ұлағатты ұстаздарының жеке почталарына салынып, қуанышқа бөледі.

2) Мұғалімдер күніне арнап ZOOM платформасымен онлайн ашық тәрбие сағаттарын өткізу. WhatsApp желісі арқылы әр сынып тәрбие сағатындағы сапалы суреттерін жіберу сияқты жұмыстар 9 «а» Сауранбаева З.А, 9 «ә» Надирбекова Э, 9 «б» Түменбаева С.Н, 9 «в» Войцеховская З.А, 10 «а» Алимжанов Н.Т, 10 «ә» Балқыбаева В.Ө, 10 «б» Токсанбаева В.К. сынып жетекшілеріне таныстырылған болатын. Алайда осы сынып жетекшілері арасынан Сауранбаева Зада Алтайқызының 06.10.2020-күні 9 «а» сыныбымен өткізген айтулы апталыққа арнап ZOOM платформасымен онлайн ашық тәрбие сағатында «сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылығы ретінде мәнін ашу мен «білім», «еңбек» құндылықтары жайлы оқушы түсініктерін барынша кеңейте түсті.

3) «Ұстаз-ұлы есім» атты тақырыбында ұстаз туралы эссе жазу байқауы 7 «а» Танкибаева Ж.Е, 7 «ә» Сайлауова А.О, 7 «б» Кажымуханова Г.К, 7 «в» Топатаева О.Ж, 8 «а» Мусаева А.Б, 8 «ә» Момынкулова Л.Б, 8 «б» Войцеховская З.А. сыныптар аралығында жоспары таныстырылған болатын. Ұстаз туралы ойын жеткізе білген үздік шығарма авторы мектеп директоры қолынан марапатталады. Эссе жұмыстарын WhatsApp желісі арқылы әр сыныптан жинақталған шығармаларды түсіріп жіберу болатын. Осы аталған сыныптар ішінен тек 7 «в» Топатаева Орынбасар Жақсылықбайқызының оқушысы, 7 «ә» Сайлауова Айназия апайдың оқушысы, 7 «б» Кажымуханова Гүлбану апайдың оқушысы жалпы ұстаздарға арнап, сүбелі ой, салихалы сөз жазып, мектеп әлеуметтік Instagram, facebook-парақшаларына жарияланды.

4) Ұстаздарға арналған Ұлы ойшыл, ақын-жазушылардың қанатты сөздері мен өлең шумақтарынан оқушылар жаттап WhatsApp желісі арқылы әр сынып жетекшілерінен жинақталған бейне жазба жолдау 5 «а» Алимжанова Б.М, 5 «ә» Кашкынбаева Н.Т, 5 «б» Даукенова Ф.Қ, 6 «а» Байшымырова Т.Б, 6 «ә» Түстікбаева Г.С, 6 «б» Смагулова К.Ж, 6 «в» Жылысбаева М.Б. аталған сыныптар арасынан жоспарға сай жұмыстар іске асып, сынып жетекшілердің жүйелі жұмыстары мерекеге арнап жасаған ізеттілік акциялары мен мағыналы бейне жазбалары барша ұстаздарға көңіл сыйлады. Осы аталған жұмыстар мектеп әлеуметтік Instagram, facebook- парақшаларына жарияланып, көптеп қолдаулар тапты.

Күз мерекесіне орай, апталық іс-шара жоспары құрылып, 1-11 сынып жетекшілеріне таныстырылды. Іс-шара жоспары 1-4 сыныптарға «Күзгі пейзаж» тақырыбында суреттер көрмесі, 5-8 сыныптарға «Арайлы алтын-күз!» тақырыбында бейнежазба байқауы болса 9-11 қыздарына «Күз ханшайымы-2020» тақырыбында күз байқауы болып өтті. Атап айтар болсақ:

1. 28-қазан 9,10,11-сынып қыздары арасынан “Күз ханшайымы-2020” атты онлайн платформасында мектепшілік байқау өтті.

Мақсаты: Қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері: имандылық, инабаттылық, ізеттілік, ісмерлік т.б. негізінде тәрбиелеу. Әр қыз баланы парасатты, жан-жақты білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін түсінуге тәрбиелеу. Табиғат сыйлаған қасиеттерінің ашылуына көмектесу. Бастысы келбетіне; жүріс-тұрысы, сөйлеу шеберлігі, өнері сай күз ханшайымын анықтау болатын.

Байқаудың ережесі:

1. “Мен қазақтың қызымын” (қатысушылар өздерін осы сөзбен, өлеңмен, әнмен таныстырады) мәнеріне, сөйлеу шеберлігіне де қарап әділқазылар бағалайды.
2. Көрме үй тапсырмасы; Өз шығармашылықтары бойынша қолөнер бұйымдары немесе күзгі дақылдардан бейне жасау. Жасаған жұмыстарына толық таныстыру.
3. “Қыздарға әсемдік жарасады” Сән үлгісін көрсету. Өз шығармашылықтары, яғни жаңаша топтама сән үлгісін көрсету. (жапырақтардан немесе дәнді-дақылдардан киім үлгісін көрсету)
4. “Ас адамның арқауы” (Мерекелік салат құрамын әңгімелеу) сияқты күрделі кезеңдерден тұратын байқауға мынандай сынып оқушылары қатысты: 11 «б» аруы Замяткина Кристина Андреевна жетекшісі Фазылова Т. М, 9 «б» аруы Сейілхан Жарқынай II-орын жетекшісі Түменбаева С, 11 «ә» сынып аруы Серікбол Тоғжан I-орын жетекшісі Чокенова С, Көптілеу Кәмиля «Күз ханшайымы» атанып, қолына «Табиғаттың жарқын бейнесі» тақырыбында әдемі картина табыс етіліп, бас жүлдемен марапатталды. Жетекшісі Балқыбаева В.Ө. Осы аталған жетекшілер жұмысы басқа жетекшілер жұмысынан ерекшеленіп тұрды.

Қатыспағандар: 10 «б» Токсанбаева В, 10 «а» Алимжанов Н, 11 «а» Найзабекова А.

- 2) 26-қазан 5,6,7,8-сыныптар арасынан “Арайлы алтын-күз!” атты онлайн платформасында мектепшілік бейнежазба байқауы өтті.

Мақсаты: Күз-молшылық мезгілі. Сол арқылы оқушыларға еңбектің, молшылықтың қадірін түсіндіру. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың рухани дамуына әсер ету болатын. Байқауға оқушылар әр сыныптан бір оқушыдан қатысып, мынандай кезеңдерден өтті. Атап айтар болсақ:

1. “Үздік өлең”, ән (қатысушы “Күз береке бастауы” аясында өз өлең әнін жолдайды) бейнеролик.
2. “Үздік сурет” (суреттің тақырыпқа сай болуы, суретші шеберлігі, бояу мәнері)
3. “Үздік қолөнер” (қатысушы жеміс-жидектерден жасаған қолөнерін суретке сапалы түрде түсіріп жібереді экибана т,б) Байқаудың шарттары: Байқауға әр сыныптан бір оқушы қатысты, сынып жетекші оқушы жұмыстарын жинақтап, аты-жөні, жетекші атын жазып, әдемі бейнежазба жасап, WhatsApp желісі арқылы жинақталып, мектеп әлеуметтік парақшаларына жарияланды. 5-6 сынып арасынан Мұхамеднұр Кәмиля «Үздік қолөнер шебері» номинациясымен марапатталып, қолына бағалы фото рамка табыс етілді. 7-8 сынып арасынан күз мерекесіне мағыналы бейнежазба жасаған Бақыт Аружан жұмысы көп ішінен көзге көрініп, қолына фото рамка мен бас жүлде сыйлығы табыс етілді жетекшісі Мусаева А. 7-8 арасынан 7 «а» Ерланқызы Сымбат I-орынмен марапатталды жетекшісі Танкибаева Ж, 5-6 арасынан 6«ә» сыныбы I-орынмен, қалған сыныптарда барынша атсалысып, II, III орындарға тұрақтады.

3) Бұл апталықтың үшінші жоспары 1-4 бастауыш сынып оқушылары арасында «Күзгі пейзаж» атты онлайн суреттер көрмесіне сынып жетекшілер жауапкершілікпен атсалысып, жақсы жұмыстар көрсете білді. 1-2 арасынан 1 «б» Лян Павелл I-орынға ие болып, қолына шахмат табыс етілді жетекшісі Ахметова А. Ал 3-4 арасынан 3 «б» оқушысы Бекенұлы Бекежан I-орынмен марапатталып, қолына шахмат табыс етілді жетекшісі Копбосынова Ш.

Балқаш аудандық білім бөлімінің 2020-сыншы жылдың 19-қарашасындағы № 01-26/760 сандық хатына және № 1 Жамбыл атындағы орта мектебінің 2020 жылғы 20 қарашадағы № 69 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күніне орай, Тәуелсіздігіміздің негізгі құндылықтарын насихаттау бағытында алдағы мереке қарсаңына мектепшілік онлайн іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Мектеп әкімшілігімен кеңесе отырып, 23-қараша күні бірінші лездемеде іс-шара жоспары қашықтықтан қалай өтетіндігі жөнінде тарих бірлестігі, жас маман, сынып

жетекшілеріне ZOOM платформасында толықтай таныстырылып өтті. Апталық іс-шара жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстарды атап айтар болсақ: 1) Онлайн апталықтың ашылу салтанатына тарих пән мұғалімі Абденбаев Болат Шайсұлтанұлы мерекеге арнап, жалынды сөздері мен барша ұжымды құттықтап, шәкірттерге тарих қойнауынан сыр шертіп, қағидалы ойларын видео жазба арқылы білдірді. 2) 26-қараша мектеп кітапханашылары кіреберіс фойе алдына «Елбасы күні-елдікке құрмет мерекесі» атты тақырыбында көрмелер ұйымдастырылды. 3) 26-қараша 1-4 сыныптар аралығында оқушылардың Тұңғыш Елбасы өмірі мен қызметі, оның Қазақстанның дамуына қосқан зор үлесі туралы оқушы білімін кеңейту мақсатында біріңғай ашық тәрбие сағаттары өтті. Аталмыш тәрбие сағаттары Whatsapp желісі арқылы және ZOOM платформасында өтті. 4) «Елін сүйген, ел сүйген Елбасы» деректі фильм көрсетілді. «Наш первый президент» деректі фильмін көрсету арқылы 8-9 сыныптар аралығында тарих пәнінің мұғалімі Абденбаев Болат Шайсұлтанұлының ұйымдастыруымен орыс тілдерінде Эссе байқауы өтті. Оқушылардың жазған эсселері мазмұнына сәйкес грамматикалық қатесі жоқ, сөйлемдері лексикалық түрде байланысқан, баршасы тақырыпты барынша аша білген, өз көз көзқарастарын тұжырымдаған, өз тезистерін сенімді дәлелдей алған оқушылардың жұмыстары іріктеліп, үздік деп танылған эсселер жұмысы желіге жарияланып, оқырман назарына ұсынылды. 5) Сонымен қатар тарих пән мұғалімі Алимжанова Б.М. ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» атты тақырыбында 5-6 сыныптар арасында ZOOM платформасында ауқымды конференциясы өткізілді. 6) Музыка пән мұғалімінің жетекшілігімен 5-8 сыныптар арасында патриоттық әндер орындауының видео роликтері Whatsapp желісі арқылы жіберіліп, әлеуметтік желіге жарияланды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай, Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау бойынша өткізілген апталық онлайн іс-шаралардың мәліметі мектеп әлеуметтік Instagram, facebook-парақшаларына жүктелді.

Бұл 16-желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі күніне орай, іс-шара жоспары еліміздің тәуелсіздігін атап өту қарсаңында ел тарихына шолу жасау. Тәуелсіз еліміздің жетістіктерімен шәкірттерімізге таныстыру мақсатында тарих бірлестігімен онлайн түрінде ауқымды жұмыстардың қалай іске асатындығы жөнінде кеңесе отырып, 10-15 -желтоқсан аралығын қамтыған іс-шаралар жоспары құрылып, мектеп директоры тарапынан бекітілді. Бұл ауқымды апталықта атқарылған жұмыстар онлайн түрінде мынандай маңызды әрі мағыналы бейне жазбалармен толық түсті. Атап айтсақ: 1) Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған айтулы апталықтың ашылу салтанатына тарих пән мұғалімі Октябрь Әмірсерік арнайы келіп, бейне жолдау жасады. Бұл қанатты сөздерден тұратын сапалы бейнежолдау мектеп әлеуметтік Instagram, facebook-парақшаларына жарияланып, тұрақты оқырмандарымызды бір қанаттандырды. Мағыналы бейнежазбада Октябрь Әмірсерік ата-бабамыздың салып кеткен даңғыл жолы, салт-дәстүрімізді, тарихымызды, батырлар ерлігін дәріптеу арқылы желідегі жаңадан тарихымызды іздену үстінде қалыптасып келе жатқан өскелең ұрпақтың бойындағы елжандылық сезімдерін оятып, отанға деген патриоттық қасиеттерін барынша астарлы ой, қанатты сөздер арқылы қалыптастыра білді. 2) 1-11сынып 16-желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай, «Тұғыры биік Тәуелсіздік!» атты тақырып аясында сынып сағаттары өтті. 3) I-қабат «Тәуелсіздік - Мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбында мектеп кітапханашылары Онербекова С.Нақысбаева С. Тарихи кітаптар көрмелерін ұйымдастырды. 1-11 сынып оқушылары арасынан видео роликтер мен құттықтаулар Whatsapp желісі арқылы жинақталып, желіге жүктелді. Тәуелсіздік мерекесіне арнайы ұйымдастырылған апталық ауқымды жұмыстардың басты мақсаты: Тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата – бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүйуге, еліне қызмет етуге тәрбиелеу. Еліміздің тәуелсіздігін атап өту қарсаңында ел тарихына шолу жасау. Тәуелсіз еліміздің жетістіктерімен таныстыру.

«Жас Ұлан» ББЖҰ РҚБ төрайымы Д. Садвакасованың №203/3 «6» қараша 2020 ж Алматы облысының Білім басқармасының басшысы Майгүл Тілеутайқызы Омароваға жазған хатына сәйкес, «Жас Ұлан» ұйымының қатарына салтанатты қабылдау рәсімі елімізде енгізілген карантин жағдайына байланысты онлайн түрде өткізілетіндігі, әр бір мектеп нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, өз мүмкіндіктеріне байланысты өзгерістер енгізе алатындығын негізге ала отырып, карантин жағдайына байланысты онлайн салтанатты қабылдау рәсімінің іс-шара жоспары сақтық шараларын сақтай отырып, тек мектептегі ұйымдастырушы жақ пен кезекші сыныптар және мектептің жаңа тағайындалған көшбасшыларымен ғана мектеп фойесінде өтетін болып құрылған болатын. Ал қалған ұйым қатарына жаңадан қабылданушы сыныптар Whatsapp желісі арқылы Word-түрінде оқушы тізімі алынып, әр сыныптан ант қабылдап, бейнежазба арқылы жинақталатын болып, арнайы **16-желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі күніне орай**, апталық онлайн жоспар құрылып, 1-10 сынып жетекшілеріне қашықтықтан таныстырылып өтті. Арнайы дайындық 14.12.2020 ж сағат 9:00-де мектеп фойесінде толықтай күшейтілген дайындық жұмыстары өткізіліп, 15.12.2020 жыл сағат 9:00, метеп II-қабаты фойесінде «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» ұйымына жаңадан мектеп үздіктері мен екпінділерінен құралған бір қатар оқушылар салтанатты түрде қабылданды. Салтанатты іс-шараның ашылу рәсімінде Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік гимні орындалып, Мектеп Президенті Син Инесса Мемлекеттік тудың кіргізілуіне бұйрық беріп, ту саптық жүріспен ортаға кіргізілді. Ұйымның Мәдениет министрі Қонысбай Назерке «Жас Ұланның» мақсат міндеттерімен таныстырып өтті. «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының мүшелері Тәуелсіздік қарсаңында өткізіліп отырған «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау салтанатты жиынына дайындықтары туралы Ұйым Президентіне төмендегі жаңа тағайындалған Ұлан басылары мен көшбасшылары хабарлама жасады. Атап айтсақ: 1-оқушы «Жас Ұлан» ұйымының Премьер министрі Серікбай Назерке, «Жас Қыран» ұйымының белсенді мүшесі Дәулет Кәусар Даниярқызы, «Жас Ұлан» ұйымының Білім министрі амангелді Айгүл, 9-сынып Топ Сардары Ерғалиева Жұлдыз, Сардирдинов Ильяс, 7-сынып Топ Сардары Көптілеу Абзал, 6-сынып Топ Сардары Өмірсерік арсен, 5-сынып Топ Сардары Сағынгелді Мейіржан, 3-сынып Топ Сардары Есқабыл Алина, 2-сынып топ Сардары Абай Алдияр, 1-сынып Топ Сардары Қажымұқан Айжан сияқты бір топ ұйымның белсенді мүшелері өз міндеттерін толық орындап, салтанатты іс-шарада белсенділік танытты. Тарих пән мұғалімі Октябров өмірсерік құттықтау сөз сөйлеп, мектеп әкімшілігі оқушыларға туымыз түстес көгілдір галстук және төс белгілерін табыстады. Жиынның ең жауапты сәті, ант тапсыру рәсіміне «Жас Ұлан» ұйымының Президенті Син Инесса ортаға шығып, ант берді қалған «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылданушы оқушылар да қосылып ант қабылдасты. Бұл мектеп үздіктері мен екпінділерін Республикалық бірыңғай «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына салтанатты түрде қабылдаудағы басты мақсатымыз-оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ал міндеттері - әлеуметтік тәжірибені байыту және дамыту, мектептегі тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыру болып табылады.

Елімізде енгізілген карантин жағдайына байланысты мектепшілік мерекелік шаралар онлайн түрде өткізілетіндіктен әкімшілік мүшелері сақтық шараларын ескере отырып, Жаңа жыл мерекесіне арналған **«Жасыл шырша жанындағы оқиға»** атты онлайн апталық іс-шара жоспарын құрып, мектеп директоры тарапынан бекітілді. Бұл ауқымды жұмыстарға мектеп тәрбие орынбасарлары, мектеп психологі Балқыбаева Венера Өкілбекқызы, «Жас Мамандар», алғашқы әскери даярлық мұғалімі Сапаралиев Дархан Сапарұлы, «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері мереке қарсаңында мектептің ішкі сыртқы әзірлеме жұмыстарына өз қиялдарынан шығармашылықтарын қосып, белсенді түрде атсалысты. Ал кезекші 1-сынып жетекшілері оқушылармен сақтық ережелерін қатаң түрде сақтай отырып, өз дәрежесінде дайындық жұмыстарын атқарды. Ал мектеп ұстаздары атынан онлайн құттықтау сөздер айтылып және «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» ұйымының топ басшылары атынан заманауий әуенде бейне жазбалар жинақталып, мектеп әлеуметтік Instagram, facebook-парақшаларына жүктелді.

Сабақтың мақсаты: а) Оқушыларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, әдептілікке, еңбексүйгіштікке, өз халқының салт - дәстүрін үйрене отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету. ә) Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. б) Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.

Тәрбие сағатының тақырыбы: *«Әдептілік қасиет-адалдықтың белгісі»*

Сабақтың өтілу әдісі: әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ - жауап.

Көрнекілігі: суреттер, сызбалар, нақыл сөздер жазылған плакаттар.

Қатысатын сыныптар: 5-8 сынып оқушылары арасынан «Жас Ұлан» ұйымының топ басшылары.

Өтетін уақыты: 04.11.2020 жыл сағат 15:00-де Zoom платформасында

Өткізілу түрі: Ашық тәрбие сағаты.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру бағытында негізге ала отырып, 04-қараша сағат 9:00-де кезекші бірінші сынып оқушылары арасынан «Әдептілік қасиет-адалдықтың белгісі» атты онлайн ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл тәрбие сағатына сынып жетекшілер тарапынан ұйымдастырушылық жұмыстары мен тәрбие сағатындағы арнайы жасаған Әдептілікке байланысты түрлі суреттер, өсиет-нақылдар(әдептілік туралы), құпия хаттар т,б, аудио, видео, слайдтық жұмыстары оқушылардың белсенділігін арттыра түсті. Мақсаты: Адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға баулу; Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту. «Әдеп», «әдептілік» туралы түсініктерін кеңейту.

11-қараша Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие беру бағытын негізге ала отырып, «Біз сыбайлас жемқорлыққа, қоғам мүдделеріне деген сатқындыққа қарсымыз» атты «Жас Ұлан» ұйымы арасынан онлайн пікір сайысы өтті. Ұйымдастыру кезеңі: Бір парақ қағазға «Отан» тақырыбына топтағы әр оқушы бір сөйлемнен жазады, әр топ өз шығармасын оқып, қорғайды. «Менің көзқарасым» әр топтан бір оқушы шығып, сыбайлас

жемқорлық жайында өз ойларын айтады. Осы аталған жұмыстар ZOOM-платформасында 5-10 сынып оқушылары яғни «Жас Ұлан» ұйымының бір қатар топ басшылары арасынан жоспарланып, тақырып аясында пікір сайыс қызықты әрі әсерлі өтті. Мақсаты: Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру, «Жемқорлық» жайлы алдын алу шараларын түсіндіру, өз ойларын еркін жеткізе білу қабылеттерін дамыту, дүниетанымдарын кеңейту, патриоттық тәрбие қалыптастыру.

18-қараша Рухани-адамгершілік тәрбие беру бағытында Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай, арнайы құрылған «Абай әлеміне саяхат» атты мектепішілік бағдарламалық жоба аясында «Жас Ұлан» ұйымы арасынан онлайн мүшәйраның іс-шара жоспары құрылып, бекітілді. Бұл іс-шара WhatsApp желісі арқылы 5-11 сынып белсенділері яғни әдебиет сүйер жас ақындар арасынан мағыналы бейнежазбалар жинақталып, жас өнерпаздар арнайы сыйлықтар мен дәрежелі дипломдарымен марапатталды. Бұл Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай, арнайы құрылған айтулы мүшәйрадағы басты мақсатымыз: Абай-адамзат руханият көгінде жарқыраған ерекше жарық жұлдыз. Абайдың өшпес жырлары мен ғажайып әндері, Абайдың ілімі, Абайдың ақылы, Абайдың кемелдігі, Абайдың кісілігі, Абайдың «Біріңді қазақ біріңді дос, көрмесең істің бәрі бос» деген бірлікшілдігін, асыл мұраларын осы мүшәйрадағы жырлар арқылы оқушы бойына жеткізу.

18-22 қаңтар аралығында өткен аса көрнекті қоғам қайраткері, бір туар тұлға Д.А.Қонаев туралы оқушы түсініктерін кеңейту мақсатында Отбасы тәрбиесін негізге ала отырып, «Ата-анам және мен» атты апталық онлайн іс-шарада мақсаты: Отбасы тәрбиесін негізге ала отырып, ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру, аса көрнекті қоғам қайраткері, бір туар тұлға Д.А.Қонаев туралы түсініктерін кеңейту, ел үшін еңбек етуге, халқына адал болуға, ұлы тұлға Қонаевтың ерліктері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

18-22 қаңтар Д.А.Қонаев туралы оқушы түсініктерін кеңейту мақсатында, тәрбие бағытының ішінде «Отбасы тәрбиесін» негізге ала отырып, «Ата-анам және мен» атты апталық онлайн іс-шара жоспары құрылып, бастауыш 1-4 сынып жетекшілеріне жоспар аясындағы жұмыстар толық таныстырылып, айтулы аптатық ішінде мынандай жұмыстар атқарылды. Атап айтар болсақ:

1-ден 1-2 сынып арасынан Сынып сағаттар, үй жағдайындағы әр сыныптың атынан от басымен құттықтау сөздерін жолдау. Жауаптылар: 1 «а» Дәркембаева Ж.К. 1 «ә» Оматаева Ж.Н. 1 «б» Ахметова А.Ж. 2 «а» Дүйсенбекова К.Д. 2 «ә» Сатова М.Т. 2 «б» Исаева О.А.

2-ден 3-4 сыныптар арасынан «Отбасы тәрбиесін» негізге ала отырып, ұстаз, шәкірт және ата-ана арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында оқушылар мен ата-аналар құттықтап, Д.А.Қонаевқа арналған ақын жазушылардың қысқаша өлең шумақтарын жаттап, әр сыныптан WhatsApp желісі арқылы сапалы видео жіберу болатын. Жауапты сынып жетекшілер: 3 «а» Мұхатова Ж.З. 3 «ә» Дүйсебаева Р.Т. 3 «б» Копбосынова Ш.О. 3 «в» Козлова О.В. 4 «а» Досбаева К.А. 4 «ә» Сатиева Р.А. 4 «б» Онербекова А.Б. 4 «в» Ананина Л.А.

3-ден Д.А.Қонаевқа арнап кітаптар көрмесін ұйымдастыру. Жауаптылар мектеп кітапханашылары болатын. Бұл апталық ішінде кітапханашылардың бір туар тұлға Д.А. Қонаевқа арнап, өз шығармашылықтарын қосып, жауапкершілік танытып, әдемі әзірлеме жұмыстары мен кітаптар көрмесін ұйымдастырды. Мектеп кітапханасына кезекші сыныптардан келген жас оқырмандарға Димаш атамыз туралы түсініктерін кеңейте түсті. Бұл Д.А.Қонаев туралы оқушы түсініктерін кеңейту мақсатында, тәрбие бағытының ішінде «Отбасы тәрбиесін» негізге ала отырып, «Ата-анам және мен» атты апталық онлайн іс-шарада 1-4 сынып жетекшілер арасынан Онербекова А.Б. 4 «в» Ананина Л.А. 2 «ә» Сатова М.Т. 2 «а» Дүйсенбекова К.Д. 3 «ә» Дүйсебаева Р.Т. осы аталған сынып жетекшілер ZOOM-платформасында ашық тәрбие сағаттарын өткізіп, ата-ана, шәкірт және жетекші арасындағы жұмыстарды жақсартып, құттықтау сөздер мен мағыналы бейнежазбаларын мектеп әлеуметтік Instagram, facebook-парақшаларына уақытылы, белсенділік танытып, жүктеді.

25-26 қаңтар 5-6, 7-8 сыныптар арасынан өткен көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағытын негізге ала отырып, ұйымдастырылған «Биле, биле-2021» атты онлайн би байқаудың мақсаты: «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбиені» жан-жақты етіп дамыту, оқушылардың би өнеріне деген қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ұстамдылық қабілеттерін арттыру яғни хореографиялық дарынды орындаушыларды анықтау, бастысы оқушылар шығармашылығына қоғамның назарын аудару болып табылады.

25-26 қаңтар аралығын қамтып, 5-6,7-8 сыныптар арасынан өтетін көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие бағытын негізге ала отырып, ұйымдастырылатын «Биле, биле-2021» атты би байқауының онлайн іс-шара жоспары құрылып, мектеп директоры тарапынан бекітілді. Іс-шара жоспары қалай жүзеге асырылуы және қашықтықтан атқарылуы жөнінде 5-6,7-8 сынып жетекшілеріне таныстырылып өтті. Жалпы онлайн іс-шара аясында атқарылған жұмыстар: Байқаудың ережесі: 1-ден «Ұлттық стильдегі топтық би» кез келген ұлттың биі (мектебіміз өзге ұлт өкілдерінен құралғандықтан әр ұлт нәсілі өзіне тән киім үлгісін кию арқылы өз өнерін көрсетеді) 2-ден «Заманауы

стильдегі топтық би» (қазылар алқасы киім үлгісі, заманауи әуенге, би орындаудағы шеберлігіне баса назар аударады) 3-ден «Ретро музыкалық стильдегі топтық би» (80-90 жылдарға пародия). Байқауға төрешілік: Жеңімпаздарды анықтау арнайы тағайындалған әділ-қазы алқалары яғни мектеп музыка пән мұғаліміне және әкімшілік мүшелеріне жүктеледі. Қазылардың орындаушыларға қояр талабы; би орындаудағы шеберлігі мен өзін-өзі ұстауы, әр кезеңде киетін талапқа сай киім үлгісіне, әуенге де баға қойылады. Жоғарыда аталған кезеңдер бойынша әр сыныптан бір өнерпаздың видеолары жинақталып, сапалы бейнежазба WhatsApp желісі арқылы жіберілуі сұралады делінген болатын. Алайда байқауға Қатыспаған жетекшілер: 5 «в» Даукенова Ф, 6 «в» Жылысбаева М, 7 «б» Қажымұханова Г, 7 «в» Топатаева О, 8 «а» Мусаева А осы аталған жетекшілер қатысқан жоқ. Қатысқан жетекшілер: 5 «а» Алимжанова Б. 1-оқушы 1-видео «Ұлттық стильдегі топтық би», 5 «ә» Қашқынбаева Н. үш кезеңгеде қатысып, I-орынды иеленді. 6 «а» Байшымырова Т. «Заманауи стильдегі топтық би»-ге қатысып, 1-видео жолдады. 6 «ә» Түстікбаева Г. «Ұлттық стильдегі топтық би», «Заманауи стильдегі топтық би» екі кезеңге қатысып, 2-видео жіберді. 7 «ә» Сайлауова А. «Ұлттық стильдегі топтық би», «Заманауи стильдегі топтық би» екі кезеңге қатысып, 2-видео жіберді. Жұлделі II-орынмен марапатталды. 8 «ә» Момынқұлова Л. «Ұлттық стильдегі топтық биге» 1-оқушы қатыстырып, Мұхаммади Дилназ би орындауда шарықтау шеңіне жеткізіп, «Көрермен көзайымы» номинациясымен марапатталды. 8 «б» Войцеховская З.А. «Ұлттық стильдегі топтық би», «Заманауи стильдегі топтық би»-ге қатысып, III-орынмен марапатталды. Екі жұмыс орындады. 7 «а» Танкибаева Ж. Жауапкершілік танытып, ата-аналар мен шәкірт, жетекші арасындағы жұмысты алға қойып, бірлесіп отырып, байқаудың үш кезеңдерінен мүлтіксіз өтіп, айтулы байқаудың бағалы сыйлығы табыс етіліп, «Бас жүлдесін» иеленді. Ал осы аталған жетекшілер жұмысының ішінен 7 «а» сыныбының ата-аналар төрайымы Ойшибаева Даринаның қолына салтанатты түрде алғыс хат табыс етілді.

8-15 ақпан аралығын қамтыған ұлттық тәрбие беру бағытын негізге ала отырып, ұйымдастырылған бастауыш сынып оқушылары арасынан «Шебер қол-2021» атты сурет және қолөнерден өткен апталық онлайн байқауының мақсаты: *Ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді, өнерді насихаттау және қолдау көрсету, оқушылардың мәдени-эстетикалық талғамын арттыру, өзара шығармашылық байланысты нығайту, дарынды қолөнер шеберлерін анықтау. Сонымен қатар мектеп әлеуметтік Instagram, facebook-парақшаларына үздік жұмыстарды насихаттау арқылы, мектеп шеберлерін ынталандыру.*

Қашықтықтан өтетін мектепшілік бірінші лездемеде алда өтетін «Шебер қол-2021» атты сурет және қолөнер байқауының іс-шара жоспары құрылып, бастауыш жетекшілеріне қашықтықтан қалай жүзеге асатындығы жөнінде толықтай түсіндіріліп өтті. Байқау жоспары аясында мына төмендегі жұмыстар өз дәрежесінде атқарылып өтті:

Байқаудың кезеңдерінің тақырыптары:

1"Біз біргеміз" 2"Менің тамаша қысым", "Қыстың қызықты ойындары"3 "Еркін тақырып»

Байқаудың шарттары: Байқауға әр сыныптан бір оқушы қатысуы шарт. Суреттер кез-келген материалда (қағаз, картон, кенеп және т.б.) кез-келген сурет техникасында (акварель, сия, түсті қарындаштар, акрил, гуашь) орындалуы мүмкін. WhatsApp желісі арқылы жұмыстарын жинақтап, сапалы видео жіберу сұралады делінген.

Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері:

Шығармашылық идеяның бірегейлігі

Қиял байлығы және автордың шығармашылық көз қарасы

Көркем бейненің тұтастығы

Стандартты емес техникалары мен көркем материалдарды қолдану

Тақырыпты ашу өзектілігі мен тереңдігі сияқты бес критерийлер арқылы әр сыныптан бір оқушы жұмысы бағаланып, өтті.

Жауапты сынып жетекшілер:

| | | | |
|------------------------|-------------------------|------------------------|-----------------------|
| 1 «а» Дәркембаева Ж.К. | 2 «а» Дүйсенбекова К.Д. | 3 «а» Мұхатова Ж.З. | 4 «а» Досбаева К. |
| 1 «ә» Оматаева Ж.Н. | 2 «ә» Сатова М.Т. | 3 «ә» Дүйсебаева Р.Т. | 4 «ә» Сатиева Р.А. |
| 1 «б» Ахметова А.Ж. | 2 «б» Исаева О.А. | 3 «б» Копбосынова Ш.О. | 4 «б» Онербекова А.Б. |
| | | 3 «в» Козлова О.В. | 4 «в» Ананина Л.А. |

Үздік қолөнер шебері Бас жүлде, «Шебер қол-2021», «Жас суретші-2021» номинациясымен марапатталып, бағалы сыйлық табыс етіледі. I орын, II орын, III орын марапаттары және қатысқаны үшін ынталандыру қағаздары әзірленеді.

Апталық онлайн сурет және қолөнерден өткен байқауға бастауыш сынып оқушылары арасынан мынандай шығармашылық авторлары марапатталып өтті:

Қатысқандар;

1. «Бас жүлде», бағалы сыйлық-3 «б» сынып оқушысы Бекенұлы Бекежан жетекшісі Копбосынова Ш.
2. 1-орын 2 «ә» сынып оқушысы Махмет Жәсел жетекшісі Сатова М.
3. 2-орын 4 «ә» Өмірзақ Аяла жетекшісі Сатиева Р.
4. 2-орын 1 «ә» Бақытқызы Жұлдыз жетекшісі Оматаева Ж.
5. 3-орын 1 «а» Ерболхан Махаббат жетекшісі Дәркембаева Ж.
6. 3-орын 2 «б» Бартко Люба жетекшісі Исаева О.

Ынталандыру;

- 1 «а» Талғат Жансұлтан жетекшісі Дәркембаева Ж.
 - 4 «в» Молдасабировна Камила жетекшісі Ананина Л.А.
 - 3 «ә» Мүтәліп Диана жетекшісі Дүйсебаева Р.
 - 4 «в» Земляченко Игнат жетекшісі Ананина Л.А.
- «Шебер қол-2021» номинациясымен 4 «в» Бериков Даниел жетекшісі Ананина Л.А.
- «Жас суретші-2021» номинациясымен 1 «б» Лян Павел жетекшісі Ахметова А.

Қатыспағандар:

- 2 «а» Дүйсенбекова К.Д.
 - 3 «а» Жолдыбаева А.У.
 - 4 «а» Досбаева К.
 - 4 «б» Өнербекова А.
- 3 «в» Козлова О. Осы аталған сынып жетекшілер ата-ана мен айтулы апталық байқауға байланысты кешенді жоспар аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізбегендіктен сынып атынан мектеп әлеуметтік желісіне еш жұмыстар жарияланған жоқ.

1-наурыз Ризашылық күні «Алғыс айту-игілік сыйлау» атты тақырыбында 1-11 сынып оқушылары арасынан видео жолданды. Бұл Тұңғыш Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні болғандықтан мектебіміздегі түрлі этнос өкілдерінің арасында қашықтықтан ұйымдастырылған татулықты ту еткен жұмыстардың арқасында бүгінде адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

8-наурыз мерекесіне орай, «Ана гүл, ана-өмір шуағы» атты тақырыпта мектепішілік апталық іс-шара жоспары құрылып, мектеп қыз балалары мен аналарға арнап, 9-11 ұлдары «Жас Ұлан» және мектеп жас мамандары бірлесе отырып, әдемі мерекелік әзірлеме жұмыстарын жасады. 1-4 аралығындағы ұлдар сынып қыздарына арнап, құттықтау сөздерін жолдады. 9-11 оқушылары атынан ұстаз аналарға мектеп әлеуметтік парақшаларына әдемі видеолар жолданды. Мектеп еразаматтары атынан зейнеттегі қарт ұстаздарға арнайы барып, мерекелік сыйлықтармен қуантты. Мақсаты: анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, болашақ ана қыз балаларды құрметтеу, сыйлай білу, адамгершілікке, ізгілікке, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу.

12 сәуір – Ғарыш күні. 1961 жылы ең алғаш адам баласы ғарышқа ұшқанына биыл 60 жыл толып отыр. Осыған орай мектебімізде «Ғарышкер болғым келеді» атты тақырыпта 5-9 сәуір аралығында 1-4 сыныптар арасында онлайн көрме өткізіліп, әлеуметтік желіге салынды. 9-12 сәуір аралығында 5-8 сыныптар арасында «Қазақстандағы ғарыштың тарихы» атты тақырыпта бейне рәликтер түсірілді. 12 сәуірде ZOOM платформасында 1-11 сыныптар арасында «12 сәуір

– Ғарыш күні» тақырыпта сынып сағаттары өткізді. Барлық атқарылған іс шаралар әлеуметтік желіге салынды. <https://www.instagram.com/p/CNjZz1IFreODRID5-RPupb3AkGFp-jUAI0o9710/?igshid=146bpefepvqro>

Жалпы Республикалық соңғы қоңырау мерекесіне байланысты мектепішілік «Сәт сапар, жас түлек!» атты 11 сынып оқушыларына арналған іс-шара жоспары құрылып, сынып жетекшілерге түсіндіріліп, мектеп директоры тарапынан бекітілді. Өткізілген орны: Мектеп алаңы

Өткізілген уақыты 25.05.2021 жыл, сағат 9:00 -9:45

Қатысқандар: 11 «а», 11 «ә», 11 «б» сыныптары

Айтулы мереке Балқаш аудандық білім бөлімінің №01/26-413 хатына сәйкес санитарлық нормаларды сақтай отырып, түлектердің ара қашықтығы 1,5 метрден сапқа тұрғызылып өткізілді:

Іс-шараны АӘД пәнінің мұғалімі Д.С.Сапаралиев-тің рапортымен басталды.

11 сыныптың белсенді оқушылары Нұрлан Д., Қанарбек А, және Қонысбай Н мемлекеттік туды жиын төріне көтеріп, Қазақстан республикасының Гимн орындалды. Іс-шара қонақтары Бақбақты ауылының әкімінің міндетін атқарушы Түймебаев А.М және ауданнан келген өкіл Қурагулов Е.К, ардагер ұстаз Құлтаева Б.Д болды. Іс-шара барысында мектеп директоры Қамзина Б.М сөз сөйлеп, биылғы оқу жылында ма-рапатқа ие болған түлектер мен ұстаздарды марапаттады. Құттықтау сөз ауылымыздың әкімі Түймебаев А.М ұсынылып, өз кезегінде ол кісіде мек-теп ұжымын және 11 сынып түлектерін айтулы мерекемен құттықтады. 11 сынып түлектері өздернің жылы лебіздерін үш тілде білдірді. 11 «а» сынып оқушысы Керей М қазақ тілінде, 11 «ә» сынып оқушысы Серікбол Т ағыл-шын тілінде және 11 «б» сынып оқушысы Син И орыс тілінде құттықтау сөз айтты. 11 сыныптар өз ісбасарлары 10 сыныптың оқушыларына білім кілтін табыстап ақ тілектерін арнады. Сонымен қатар соңғы қоңырауды 11 сынып оқушысы

1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мектепте «Мен бақытты баламын» атты тақырыпта онлайн іс-шаралар ұйымдастырылып, ұжымға таныстырылды. 01.06.2021 жылы мерекеде мүмкіндігі шектеулі балалармен, аз қамтылған отбасы балаларына қуаныш сыйлады. Демеушілік көрсеткен Төлегенов Берікбай мырзаға мың алғыс. Мектептің әлеуметтік педагогы, дефектологы, кітапхана менгерушілерінің ұйымдастырумен өткізілді. Өз кезегінде 7 «а» сынып оқушысы Қошахан С, 3 «а» сынып оқушылары, 3 «б» сынып оқушылары, 1 «б» сынып оқушылары, 1 «а», «ә» сынып оқушыларының бейне құттықтаулары жолданды. 1 «А» сынып ата-аналарының құттықтауы жолданды. 4 «б» сынып жетекшісі Ананина Л.А құттықтау бейне жазбасы оқушылар мен бөлімдеріңдерге әлеуметтік желі арқылы жолданды. https://www.instagram.com/p/CPkn04TIVPy/?utm_medium=share_sheet https://www.instagram.com/p/CPkLIIIBYy/?utm_me

«Жас ұлан», «Жас Қыран» өзін – өзі басқару ұйымының 2020-2021 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарына есебі

«Жас ұлан» балалар мен жас өспірімдер ұйымының жылдық жоспары 8-бағыт бойынша құрылып, жоспар бойынша ай сайын жұмыстар жүргізілуде. Ұйым жетекшісі педагог- ұйымдастырушы Закарин Нұрлан Серікбайұлының жетекшілігімен 2020-2021 оқу жылында мектеп әкімшілігі және ұйым мүшесінің қолдауымен кезекті сайлауда бір қатар бастамалар көтеріп, жүйелі бағдарламасының арқасында көпшіліктің ашық дауыс ұсынуымен ұйым президенті болып 11-сынып оқушысы Син Инесса тағайындалып, бүгінгі таңда нәтижелі жұмыстар атқаруда. Оқушылар ұйымы мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысуда. Оқушылар ұйымында 5-министр қызмет атқарады. Министрлердің атқаратын қызметі оқу министрі 10-сынып оқушысы Амангелді Айгүл, тәртіп министрі 11-сынып оқушысы Нұрлан Досан, мәдениет министрі 11-сынып оқушысы Қонысбай Назерке, ақпарат министрі 11-сынып оқушысы Серікбол Тоғжан, спорт министрі 11-сынып оқушысы Сейдалым Шырын. Жыл бойы жүргізілетін жұмыстарды айтар болсақ, ұйым мүшелеріне жоспар бойынша жұмыстар бөлініп берілген. Үлкен үзіліс кезінде бастауыш сынып оқушыларымен аптасына 2-рет барып, жоспар бойынша жұмыс атқарады. Сонымен қатар, мерекелік кештерде сынып жетекшілер мен бірлесе отырып жұмыс жасап отырады. Оқушылардың күнделікті сабаққа мектеп формасын сақтауы, тазалықтарын, оқу құралдарының ұсталуларын апта сайын кезекші сыныптар тексеріп, қорытынды жасап отырады. Ай сайын мектепішілік «Мектеп тынысы» газеті шығып, тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары бойынша өткізілген онлайн іс-шаралардың

мәліметі мектеп әлеуметтік Instagram, facebook-парақшаларына жүктелініп, газет беттерінде оқушылардың шығармашылық жұмыстары жарияланады. Сонымен қатар оқушылар жоспар бойынша тәрбиелік маңызы зор өнегелік жұмыстар жүргізуде. Қазан айындағы ұстаздар күнінде ұйым мүшелері ардагер ұстаздарға барып гүл шоқтары мен тілек конверттерін сыйлап, көпшілік көңілінен шықты.

Жоспар бойынша өткізілген іс-шаралар жайлы атап айтсақ:

1 қыркүйек –білім күні Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие беру мақсатында Жалпы республикалық білім күніне орай, мектепішілік Онлайн платформасында «Саналы ұрпақ-жарқын болашақ» атты патриоттық сағаттары өтті.

2. Қазақстанда Отбасы күнін мерекелеу шеңберінде 14-21 қыркүйек аралығында өткен «Отбасы-бақыт мекені!» атты апталық іс шаралар өтті.

3. 07-қыркүйек Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында жалпы республикалық денсаулық күніне орай, «Денсаулық фестивалі-2020» атты мектепішілік Онлайн платформасында апталық іс-шара өтті.

4. 5-21 қыркүйек аралығын қамтыған Ұлттық тәрбие беру бағытында «Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер» мерекесі күніне орай, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» атты он күндік өтті.

1-қазан Рухани-адамгершілік тәрбие беру бағытында Халықаралық қарттар күніне орай, мектепішілік «Онлайн» платформасында «Аман-сау жүрші, менің ата-әжем!» атты іс-шара өтті.

2. 05-қазан Рухани-адамгершілік тәрбие беру бағытында Ұстаздар мерекесіне орай, «Ұстазым-мақтанышым» атты мектепішілік Онлайн платформасында қашықтықтан ұйымдастырылған апталық іс-шара.

3. 26-31 қазан Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру бағытында «Арайлы алтын- күз!» атты мектепішілік Онлайн платформасында қашықтықтан ұйымдастырылған апталық іс-шара. «Күз ханшайымы-2020» қыздар байқауы, «Күзгі пейзаж» бастауыш суреттер көрмесі өтті.

04-қараша Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру бағытында кезекші сынып «Жас Қыран» ұйымының топ басшыларымен «Әдептілік қасиет-адалдықтың белгісі» атты онлайн тәрбие сағаттары өз дәрежесінде өтті.

11-қараша Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие беру бағытында «Жас Ұлан» ұйымы арасында өткен «Біз сыбайлас жемқорлыққа, қоғам мүдделеріне деген сатқындыққа қарсымыз» атты «Жас Ұлан» ұйымы арасынан онлайн пікір сайысы өтті. Ұйымдастыру кезеңі: Бір парақ қағазға «Отан» тақырыбына топтағы әр оқушы бір сөйлемнен жазады, әр топ өз шығармасын оқып, қорғайды. «Менің көзқарасым» әр топтан бір оқушы шығып, сыбайлас жемқорлық жайында өз ойларын айтады. Осы аталған жұмыстар ZOOM-платформасында 5-10 сынып оқушылары яғни «Жас Ұлан» ұйымының бір қатар топ басшылары арасынан жоспарланып, тақырып аясында пікір сайыс қызықты әрі әсерлі өтті. Мақсаты: Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру, «Жемқорлық» жайлы алдын алу шараларын түсіндіру, өз ойларын еркін жеткізе білу қабылеттерін дамыту, дүниетанымдарын кеңейту, патриоттық тәрбие қалыптастыру.

18-қараша Рухани-адамгершілік тәрбие беру бағытында Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай, арнайы құрылған «Абай әлеміне саяхат» атты мектепішілік бағдарламалық жоба аясында «Жас Ұлан» ұйымы арасынан онлайн мүшәйраның іс-шара жоспары құрылып, бекітілді. Бұл іс-шара Whatsapp желісі арқылы 5-11 сынып белсенділері яғни әдебиет сүйер жас ақындар арасынан мағыналы бейнежазбалар жинақталып, жас өнерпаздар арнайы сыйлықтар мен дәрежелі дипломдарымен марапатталды. Бұл Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай, арнайы құрылған айтулы мүшәйрадағы басты мақсатымыз: Абай-адамзат руханият көгінде жарқыраған ерекше жарық жұлдыз. Абайдың өшпес жырлары мен ғажайып әндері, Абайдың ілімі, Абайдың ақылы, Абайдың кемелдігі, Абайдың кісілігі, Абайдың «Біріңді қазақ біріңді дос, көрмесең істің бәрі бос» деген бірлікшілдігін, асыл мұраларын осы мүшәйрадағы жырлар арқылы оқушы бойына жеткізу.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру бағытында негізге ала отырып, 04-қараша сағат 9:00-де кезекші бірінші сынып оқушылары арасынан «Әдептілік қасиет-адалдықтың белгісі» атты онлайн ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл тәрбие сағатына сынып жетекшілер тарапынан ұйымдастырушылық жұмыстары мен тәрбие сағатындағы арнайы жасаған Әдептілікке байланысты түрлі суреттер, өсиет-нақылдар(әдептілік туралы), құпия хаттар т.б, аудио, видео, слайдтық жұмыстары оқушылардың белсенділігін арттыра түсті. Мақсаты: Адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттерден аулақ болуға баулу; Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту. «Әдеп», «әдептілік» туралы түсініктерін кеңейту.

18-22 қаңтар аралығында өткен аса көрнекті қоғам қайраткері, бір туар тұлға Д.А.Қонаев туралы оқушы түсініктерін кеңейту мақсатында Отбасы тәрбиесін негізге ала отырып, **«Ата-анам және мен»** атты апталық онлайн іс-шарада өз дәрежесінде ата-ана және шәкірт арасындағы жұмыстар жандана түсті десек артық айтпағанымыз болар.

25-26 қаңтар 5-6,7-8 сыныптар арасынан өткен көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағытын негізге ала отырып, ұйымдастырылған **«Биле,биле-2021»** атты онлайн би байқауында атқарылған жұмыстар жайлы.

8-15 ақпан аралығын қамтыған ұлттық тәрбие беру бағытын негізге ала отырып, ұйымдастырылған бастауыш сынып оқушылары арасынан **«Шебер қол-2021»** атты сурет және қолөнерден өткен апталық онлайн байқауында атқарылған жұмыстар. Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері:

Шығармашылық идеяның бірегейлігі

Қиял байлығы және автордың шығармашылық көз қарасы

Көркем бейненің тұтастығы

Стандартты емес техникалары мен көркем материалдарды қолдану

Тақырыпты ашу өзектілігі мен тереңдігі сияқты бес критерийлер арқылы әр сыныптан бір оқушы жұмысы бағаланып, өтті.

Өзін-өзі басқаруға бейімдеу, оқушыларды шығармашылық пен өнерге баулу және олардың жүйелі айналысуына ықпал жасау. Ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп, жан-жақты ізденуіне қолдау көрсету. Өңіріміз өзге ұлт өкілдерінен құралғандықтан ән орындауда әр халықтың салт-дәстүрін, өзіне тән ерекшелігін дәріптеу мақсатында-22-26. 02. 2021 ақпан, 5-8 сыныптар арасынан өткен көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағытын негізге ала отырып, ұйымдастырылған «Ән-көңілдің ажары» атты онлайн ән сайысында тәрбиелік маңызы зор жұмыстар атқарылған өтті. Атап айтсақ мынандай кезеңдер бойынша жұмыстар жүргізілді:

1-Патриоттық ән (киім үлгісі, өзін-өзі ұстауы, орындаудағы шеберлігі)

2-Дәстүрлі ән (Ән орындауда әр халықтың өзіне тән киім үлгісі, орындау шеберлігі, өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауы баса назарға алынады)

3-«Заманауи ән» (Әнді жанды дауыста орындау міндетті емес, жеке дара орындау, киім үлгісіне, ұстамдылығы мен орындау шеберлігіне де баға қойылады)

Дәстүрге сай оқушылар салтанатты түрде парапатталып өтті.

4-19 сәуір аралығында қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бастамасымен республикалық білім беру мекемелерінде «Қауыпсіз Интернет» ақпараттық компаниясының нұсқауымен құрылған іс-шаралар жоспарын негізге ала отырып, «Интернет менің өмірімде» атты онлайн плакаттар байқауы өтіп, оқушылар өз жұмыстарымен бөлісті.

7 мамыр-Отан қорғаушылар күніне «Ұранды ердің-ұрпағы қайсар» атты онлайн іс-шарада атқарылған жұмыстары жайында. Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған іс-шараның ашылуында: Алғы сөздер, (құттықтау), видео дәлел. «Мәңгі өшпес полк», «Майдан жолы» декреткі фильм (1-қабат фойе алдына видео жолдау, теледидарға деректі фильм қою) Тарих бірлестігі: Қыбыраева А, Октябров Ө, Абденбаев Б, Алин А. Алимжанова Б. Бірлестік атынан Октябров Өмірсерік айтұлы мерекеге арнап, видео жолдады.

«Елін қорғаған ерлер» кітаптар көрмесі фото дәлел жасап, желіге жүктеу жоспарланған. Мектеп кітапханашылары: Онербекова С, Накысбекова С. кітаптар көрмесін ұйымдастырды.

«Ұрпақ сабақтастығы», «Ардагерлерді ардақтайық» атты тақырып аясында 8-9 сынып оқушылары, сынып жетекшілер мен көмек көрсету акциясы (ауыл ата-әжелеріне тұрмыстық жағдайына қолғабыс ету, атқарылған жұмыстарды жинақтап бейнежазба жасау сұралады деп жоспарланған) Жоспарға сай жетекшілер бір қатар акциялық жұмыстар атқарды. «Отансүйгіштік-асыл қазына» атты 10-11 оқушылары арасынан Zoom-платформасында Әскери патриоттық сынып сағаттары өтті. «Ұранды ердің-ұрпағы қайсар» атты онлайн іс-шарада жетекшілер тарапынан, бірлестіктің атсалысуымен жоспарға сай жұмыстар атқарылып өтті. Осы аталған іс-шараларға оқушылар ұйымының мүшелері өз үлестерін қосып келеді. Сонымен қатар демалыс күндерінің іс-шарасы жоспарланып жүргізілуде және мектепшілік бағдарламалық жоба аясында да атқарылған жұмыстарда ұйымшылдық танытып, белсене атсалысуда. Осы оқу жылының соңында «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының бір қатар белсенді оқушылары марапатталып, алдағы жұмыстарына табыс тілеп, мектеп әкімшілігі қолдау көрсетіп, бір шабыттандырды.

Психологиялық қызмет көрсету кабинетінің жүргізген жұмыстары

№1 Жамбыл атындағы орта мектебінде психологиялық қызмет кабинеті жұмыс атқарады. Екі психолог жұмыс істейді. 2020-2021 оқу жылына жылдық жоспар құрылып сол бойынша жұмыс атқарылуда.

№1 Жамбыл атындағы орта мектебінде психологиялық қызмет көрсету кабинеті 5 бағыт бойынша жұмыс атқарады.

1.Профилактика (ағартушылық)

2.Психодиагностика

3.Психотүзету, дамыту

4.Консультация

5.Әлеуметтік диспетчерлік бағыт

Психологиялық қызметтің мақсаты: Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, жеке тұлға ретінде дамуына, қолайлы психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері

- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыру.
- Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуы жағдайында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыда жәрдем көрсету.
- Психологиялық диагностика жүргізу, психологиялық проблемаларды шешу, түзету жұмыстарын жүзеге асыру, ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету
- Білім беру үдерісі қатысушыларының психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін көтеру.
- Қашықтан оқыту кезінде интернет коммуникацияның заманауи тәсілдерін қолдану: whatsapp, Zoom платформасы, onlinemektep

Жоспар бойынша қыркүйек айында оқушылардың жеке іс-құжаттармен танысу, сынып жетекшілерден сынып оқушыларының жалпы мәліметтерін алу.

